

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**

қолжазба құқығында

**Макиш Серикжан Мейрамулы**

**ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА АУЫЛДЫҚ  
ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ**

«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша  
«7M04118 - Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

«7M04118 - Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы бойынша Бизнес және басқару  
магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_ Кенесбаева Д.Ж., э.ғ.к.

Жоба қорғауға жіберілді: «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Басқару институтының директоры \_\_\_\_\_ Гаипов З.С., с.ғ.д.

**Астана, 2023**

## Мазмұны

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....</b>	<b>7</b>
<b>1 АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДА ӘЛЕУМЕТТІК</b>	<b>7</b>
<b>ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУДЫҢ</b>	
<b>ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	
1.1 Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының экономикалық мәні мен мазмұны.....	7
1.2 Ауыл халқының өмір сүру сапасын жақсарту факторы ретінде әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту.....	10
1.3 Ауылдық аумақтарды дамытуды бағалаудың шетелдік тәжірибесі.....	17
<b>2 ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІН</b>	<b>21</b>
<b>КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.....</b>	
2.1 Красный Яр ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдарының қазіргі жағдайы.....	21
2.2 Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдарын қаржыландыруды жетілдіру (шетелдік тәжірибе).....	28
2.3 Красный Яр ауылындағы әлеуметтік инфрақұрылым проблемаларын анықтау. Әлеуметтік сауалнама.....	38
<b>3 АУЫЛ АУМАҚТАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ</b>	<b>47</b>
<b>ЖӘНЕ ДАМУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ.....</b>	
3.1 Зерттеу қорытындыларын жалпылау: Красный Яр ауылының бәсекелестігіне баға беру, оның мықты және әлсіз жақтары.....	47
3.2 Ақмола облыс ауылдарының мәселелерін шешуде қолданылған бағыттар.....	48
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>52</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>54</b>

## Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

«Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 1 [Жарлығы](#). «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 [қаулысы](#);

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 729 қаулысы).

## Белгілеулер мен қысқартулар

- ҚР – Қазақстан Республикасы
- ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- ЕО – Еуропалық Одақ
- ЖЖМ – Жанар-жағармай материалдары
- АЖҚС – Автокөлікке жанармай құю станциясы
- АӨК – Агро-өнеркәсіптік кешен

## Кіріспе

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Ауылды елді-мекендердің әлеуметтік инфрақұрылымының дамуы аудан, қала, облыс, мемлекеттің дамуының басты белгілері болып табылады. Ауылдық елді-мекендерде халықтың тұрмыс-тіршілігіне ғана барлық жағдай жасалып қана қоймай, өндірістің, кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасалатын болса, сол кезде адамдар үшін негізгі қажеттіліктердің барлығы осы аймақта болады.

Ауыл халқының мүдделеріне бағдарланған әлеуметтік саясаттың қалыптасуына қарамастан, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуды шектейтін мәселелер әлі де бар. Олардың ішінде білім беру ұйымдары, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт мекемелері желісінің қысқаруын; базалық әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасының жеткіліксіздігін; ауыл халқының ұдайы өндіру, зияткерлік білім берудің; кәсіптік және мәдени-адамгершілік әлеуетінің төмендеуін атап өткен жөн. Жоғарыда аталғандардың барлығы зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздейді.

Тұрмыс пен тіршілік әрекетінің қалыптасқан жағдайлары ауылдың дамуындағы қаржы ресурстарына қажеттілік пен қаржыландыру деңгейі арасындағы, халыққа кешенді қызмет көрсету қажеттілігі мен ауылдың өндірістік емес саласындағы кәсіпорындар мен мекемелердің аумақтық қолжетімділігі арасындағы, әлеуметтік әділетсіздіктің күшеюі мен ауыл жастарының әлеуметтік бейімделу қажеттілігі арасындағы, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жоғары шығындары мен елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі арасындағы бар қайшылықтарды шиеленістірді.

Осы жағдайларда ауыл шаруашылығын дамыту үшін әлеуметтік саланың барлық институттарының тиімді жұмыс істеуі есебінен халықтың қажеттіліктерінің кең спектрін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін алғышарттардың қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыру мен жетілдіру ерекше маңызға ие болады.

**Жобаның мақсаты.** Ауылдық жерлерде әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту бойынша практикалық ұсыныстарды әзірлеу.

Аталған мақсатқа сәйкес зерттеудің келесі **міндеттері** анықталды:

- ауылдық аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымы мен ауыл халқының өмір сүру сапасының өзара байланысын зерделеу;
- ауылдық аумақтардағы әлеуметтік инфрақұрылымның қазіргі жай-күйіне баға беру;
- ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытуға тұжырымдамалық тәсіл әзірлеу;
- ауылдық аумақтарда әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту перспективаларын айқындау.

**Зерттеу нысаны** ауылдық аумақтар болып табылады. Зерттеу Красный Яр ауылының Ауылдық әлеуметтік инфрақұрылымының мысалында жүргізілді.

**Зерттеу пәні** ауылдық жерлерде әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту процестерін анықтайтын экономикалық қатынастар болды.

**Зерттеу әдістері.** Қойылған міндеттерді шешуде экономикалық зерттеулердің жалпы ғылыми және арнайы әдістері, атап айтқанда, есептік-конструктивті, корреляциялық-регрессиялық, кластерлік сияқты экономикалық-статистикалық әдістер қолданылды.

**Гипотеза.** Зерттеу гипотезасы өңірдегі халықтың өмір сүру сапасын басқару құралы ретінде ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту стратегиясының шарттары мен әлеуетін жүйелі талдау және кешенді бағалау халықтың әл-ауқатына, сондай-ақ ауылдың ғана емес, қаланың да дамуына ықпал етеді деген ұсынысқа негізделген.

**Практикалық маңыздылығы.** Билік органдары зерттеу нәтижелерін ауылдардың әлеуметтік-экономикалық даму стратегияларын және ауылдық елді-мекендердің әлеуметтік инфрақұрылымын кешенді дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кезінде қолдана алады.

**Магистрлік жобаның құрылымы мен көлемі.** Магистрлік жоба кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу әдістері, талдау, зерттеу нәтижелері, қорытынды және дереккөздер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 61 бет. Пайдаланылған дереккөздерінің тізіміне 56 әдебиттер және ақпараттық сайттардың атаулары кіреді. Магистрлік жоба 18 сурет және 8 кестемен безендірілген.

**Жарияланымдар.** Макиш С.М. Анализ развития дорожно-транспортной инфраструктуры села Красный яр. АШЫҚ ҮКІМЕТ ЖӘНЕ ЖАҢА БАСҚАРУ МӘДЕНИЕТІ: ЕСТУ, ТҮСІНУ, ӘРЕКЕТ ЕТУ атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (27-28 сәуір, 2023 жыл)

## Негізгі бөлім

### 1 Ауылдық аумақтарда әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыру мен дамытудың теориялық негіздері

#### 1.1 Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының экономикалық мәні мен мазмұны

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Жарлыққа қол қойды.

Құжатта ауылдық аумақтарды дамыту тәсілдерінің институционалдық жағынан қамтамасыз етілуін дамыту және тиімділігін арттыру, сондай-ақ ауылдық жерлерде өмір сүру сапасын жақсарту және жайлы өмір сүру ортасын жасау мақсатында 2023 жылғы 31 наурызға дейін Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдауды қамтамасыз ету тапсырылды [1].

Ж.Т. Тощенко әлеуметтік инфрақұрылымның объективті сипатын бөлек экономикалық категория ретінде қарастыра отырып, «әлеуметтік инфрақұрылым – мәдени-экономикалық маңызы бар ұйымдар мен мекемелер жиынтығы бола тұра, адамның қызметін оңтайлау жағдайларын қалыптастырушы» деп атап өткен. Автор әлеуметтік инфрақұрылым элементтерін деңгейлер бойынша топтастыруды ұсынды – Республика, облыс, аудан, қала, еңбек ұжымы әлеуметтік инфрақұрылым [9].

Кейбір зерттеушілер әлеуметтік инфрақұрылымның экономикалық өсуге әсерін, өндірісті интенсификациялау және әлеуметтік өзгерістерге негіз болуын, оның негізгі сипаты ретінде атап өткен [10].

Әлеуметтік инфрақұрылымның жаңа құрылымдық элементтерінің пайда болуы оның жіктелуін күрделендіреді және оның қоғамдағы орны арта түседі.

Бастапқы кезеңде әлеуметтік инфрақұрылым әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-рухани жүйелер жиынтығы ретінде қарастырылды. Бұл ретте бірінші сала адамның әлеуметтік-тұрмыстық мұқтаждықтарын, екінші сала әлеуметтік-рухани мұқтаждықтарын қанағаттандырады [11].

Б.Н. Хомелянский әлеуметтік инфрақұрылымның құраушы бөліктері ретінде әлеуметтік-экономикалық (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет) және тұрмыстық (бөлшек сауда, коммуналдық шаруашылық, тұрғын үй қоры т.б.) құраушыларын атап көрсетті [12].

Кейбір авторлар жеке элементтер ретінде материалдық-тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық, рухани білім беру салаларын бөліп қарастырады [13].

Ауыл әлеуметтік инфрақұрылымының мағынасын анықтауда оның қоғамдық өндіріс үрдісіндегі орнын және рөлін айқындау өте маңызды. Бұл ретте әлеуметтік инфрақұрылым өнеркәсіптерінің мүлтіксіз жұмыс атқаруы материалдық базаның сапасына тікелей байланысты екендігін естен шығармау керек.

Әлеуметтік инфрақұрылымның материалдық-заттық объектілерінің, басқаша айтқанда, өндірістік емес негізгі қорлардың мағынасын дұрыс түсінбеуге байланысты бұл саладағы зерттеулер ұзақ уақыт тоқтап тұрды. Бірқатар авторлар өндірістік емес негізгі қорлар өндіріс үрдісіне қатысы жоқ, олар тек тұтынуға қажет деген тұжырым келтірілді. Бұл тұжырымдардың негізінде жоғарыда аталып көрсетілген қызмет көрсетуді материалдық өндіріс және материалдық емес салаларға бөлу шарты жатыр [14].

Екінші топқа адамдардың жұмыстан тыс уақытында мұқтаждықтарын тұрғылықты жерде қанағаттандыратын объектілер жатады: тұрғын үй – коммуналдық-шаруашылық, денсаулық сақтау, мәдениет, білім беру мекемелері. Бұл нысандардың қызметін халықтың еңбек ету саласына, әлеуметтік жағдайына қарамастан, барлық жергілікті тұрғындар пайданылады. Әлеуметтік нысандар ауыл шаруашылық өнеркәсіп есеп балансында тұруы мүмкін [15].

Инфрақұрылымдық бөлімдерді орналасуына қарай топтаумен қатар, өндірістік үрдіске қатысы бойынша да жіктелу жүргізілді.

Әлеуметтік инфрақұрылымның атқаратын функцияларының көптүрлілігі және біркелкі еместігіне байланысты бұл сала үш топқа бөлінеді:

- халыққа материалдық қызмет көрсетуге қатысатын салалар: коммуналдық шаруашылық, тұрмыстық қызмет;
- материалдық емес қызмет көрсететін, ерекше материалдық құндылық (рухани құндылық) шығаратын материалдық емес өндіріс салалары;
- тұрғын үй шаруашылығы;

Халыққа материалдық және материалдық емес қызмет көрсететін әлеуметтік инфрақұрылымның жіктелуі сол уақыттың өзінде-ақ «өндірістік емес қор», «өндірістік емес объектілер» деген терминдер ғылыми тұрғыдан қарағанда сәйкес келмейтіндігін дәлелдеді, себебі бұндай салалар (объект, қор) өндіріске қатысы жоқ дегенді білдіреді [16].


Біздің ойымызша, барлық көзқарастардағы әлеуметтік инфрақұрылым анықтамасы толық емес, себебі адам өндіріс дамуының және қызмет етуінің «еңбек ресурсы» ретінде қарастырылады. Мұндай көзқарастар 90-шы жылға дейін орын алды. Бұл көзқарастардың негізгі мақсаты қоғамның экономикалық және өндірістік потенциалының өсуі болды, алайда, адам өмірі мен еңбегінің стандарты жеткілікті деңгейде ескерілмей келеді.

Ауылдық аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымы параметрлерін және критерийлерін анықтауды халық мұқтаждықтарын зерттеуден бастаған жөн. Ол адамды экономикалық зерттеулер ортасына қою қажеттілігі мен экономикалық қатынастарына негізделеді.

Адамның экономикалық табиғаты өз мұқтаждықтарынан басталады, ал оларды қанағаттандыру мақсатында әртүрлі әлеуметтік-экономикалық қатынастарға түседі.

Бұл теория бойынша адамның мұқтаждықтары күрделі екі түрге бөлінеді (1-сурет):





1 сурет - Адамның дербес экономикалық мұқажы қанағаттандыру  
Ескертпе – [17] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Қазіргі кезде адамдардың мұқажы анықтауда үш негізгі көзқарас байқалады:

- біріншісі, мұқажы адамның материалдық және рухани өміріне қажеттілік ретінде қарастыру;
- екіншісі, мұқажы өмірдің объективті жағдайы ретінде қарастыру;
- үшіншісі, мұқажы адамның сыртқы материалдық (заттар әлемі) әлеміне қатынасы ретінде зерттеу.

Ең соңғысы оңтайлы болып саналады, себебі оның жиынтығы алдыңғы екеуінің де мағынасын қамтиды.

Әртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру қоғамдық өндірістің материалдық және материалдық емес саласының қызмет етуіне байланысты. Мұндай қажеттіліктер – экономикалық қажеттіліктер деп аталады. Сонымен қатар, бұл қажеттіліктер құрамына әдеттегідей қоғамдық, өндірістік және жеке қажеттіліктер кіреді. Әлеуметтік инфрақұрылымды адамның жеке қажеттілігінен бастап анықтаған жөн деп санаймыз.

- халыққа тұрмыстық қызмет көрсету, тұрғын үй, коммуналдық-шаруашылық, бөлшек сауда, қоғамдық тамақтандыру, жолаушы тасымалдаушы көлік және халықты байланыспен қамтамасыз ету салалары – физиологиялық қажеттіліктерді қанағаттандырады;

- денсаулық сақтау, спорт және дене шынықтыру салалары – әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандырады;

- білім беру және мәдениет – рухани қажеттіліктерді қанағаттандырады.

Әлеуметтік инфрақұрылымның әр саласы өзіне тиесілі нақты функцияларды атқарады. Оның әр элементі өзінің мазмұнына және міндетіне байланысты өз рөлін атқарып, халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасайды.

Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымы негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсаты мен ұлттық шаруашылықтың салаларын және бөлімдерін интеграциялау арқылы, ауыл халқының өмір сүруіне және дамуына ықпал етеді.

Нарық бәсекелестікті талап ететін болса да, әлеуметтік инфрақұрылымның кейбір салаларында монополия орын алады [17].

Ауыл жерлерінде білім беру, медициналық қызмет көрсету бір мекемемен қанағаттандырылатын болғандықтан, олар монополияны сипаттайды.

Меншіктің көптүрлілігі, ауыл шаруашылық өндірісінің ерекшелігі, ауылдағы демографиялық жағдай, ауыл халқының шоғырлануы сыртқы факторларды қалыптастыратындықтан, дамытуға бөлінген қаржы ресурстарын тиімді қолдануға әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар қарастырылады.

Нарық қатынастары даму кезінде әлеуметтік инфрақұрылым қалыптасу кезіндегі негізгі дереккөздер: мемлекеттік бюджет, ұйымдық шаруашылық ақша қорлары, фермерлердің және ауыл тұрғындарының жеке табыстары. Жеке шаруашылықты жүргізу және фермерлік әлеуметтік инфрақұрылымның қосымша қызметтерін қажет етеді.

Ауыл шаруашылығының ерекшелігі, яғни жұмыстардың жыл бойында біркелкі бөлінбеуі ауыл тұрғындарының әлеуметтік сала қызметтерінде қажеттіліктерінің өзгеруін қалыптастырады. Мысалы, ауыл шаруашылық жұмыстарының науқанды емес мезгілінде мәдени қызмет көрсету қарқындылығы өте жоғары болады. Ауылдық жерлердегі еңбектің қолдану саласы және жеке үй шаруашылығын жүргізу ауыл тұрғындарының бос уақытын шектеп, оларға еңбек ауыртпашылығын күшейтеді. Мысалы, қала тұрғындарына қарағанда ауылда ер адамның бос уақыты 35-40%, ал әйел адамдардың бос уақыты 40-50% кем. Әрине, бұл адамның рухани игілігінің пайдалануына, білімін көтеруіне, қоғамдық және өндірістік белсенділігіне белгілі бір әсерін тигізеді.

Нарықтық экономиканың қазіргі кезеңінде әлеуметтік инфрақұрылымды жеке зерттеу объектісі ретінде қарастыру өте актуалды және маңызды деп есептейміз. Мемлекет халқының қазіргі кезеңге тән әлеуметтік көрсеткіштері бойынша бөлінуі нарықтық экономиканың негізгі кері әсері ретінде байқалады. Сондықтан экономикалық өсудің нарықтық шаруашылықтың өмір сүруі әлеуметтік қорғалмаған халыққа жағдай жасайтын тиімді нарықтық әлеуметтік инфрақұрылым қалыптастыруға тікелей байланысты. Осы себептен нарықтық экономикаға өту жағдайында әлеуметтік инфрақұрылымның қоғам үшін рөлі арта түседі.

Нарық жағдайына байланысты ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымның басқару және қызмет атқару стратегиясын айқындау өндірісті дамытуға өз әсерін тигізеді. Адамның жеке қажеттіліктерінің сапалы және жеткілікті мөлшерде қанағаттандырылуы нарықтық реформалардың міндетті шарттарына айналады.

## **1.2 Ауыл халқының өмір сүру сапасын жақсарту факторы ретінде әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту**

Инфрақұрылым аймақтың, әкімшілік Ауылдың қажеттіліктерін тиімді жергілікті басқарылуын және халықтың тіршілігін қанағаттандыру көзқарасын қамтиды. Жер аумақтарын жергілікті және орталық басқаруының қатынасы, кеңістік мамандандырылуы, аймақтық өндіргіш күштері, ұлттық ерекшеліктер

және т.б. аймақтық инфрақұрылым қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Біздің жағдайда микро- және мезоденгейлер қарастырылып отыр. Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының даму ерекшеліктері әр әкімшілік-аймақтық ұйымның алдына қойған кешенді міндеттерін шешуде маңызды рөл атқарады.


Экономикалық және әлеуметтік салалардың арасындағы қатынас «экономикалық қатынастардың қоғамның әлеуметтік құрылымына және әлеуметтік топтардың белсенділігіне әсері» ретінде көрініс алады.

Егер экономика табиғи ресурстарды адамның және қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын сала болса, жоғарыда айтылған «экономикалық» сөзінің түсінігі адам мен табиғаттың арасындағы айырбас қатынасына жатады. Осыған сәйкес «әлеуметтік» сөзінің мағынасын адамның әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру контекстінде қарастыруға болады. Бұл тұрғыдан қарағанда экономиканы екі қатынас типі арқылы сипаттауға болады:

- 1) технологиялық - өндіргіш күштер элементтерінің арасындағы қатынас;
- 2) өнімді өндіру және онымен бөлісу - өндірістік немесе экономикалық қатынас.

Қоғамдық дамудағы әлеуметтік және экономикалық байланысты анықтаған кезде, бұл байланыс әлеуметтік-экономикалық жүйелер түсінігі арқылы анықталғаны дұрысырақ.

Әлеуметтік-экономикалық жүйелер құрылымдары ұйымдастырылуына байланысты үш деңгейлі болады 2-суретке сәйкес:



2 сурет - Әлеуметтік-экономикалық жүйелер құрылымы  
Ескертпе – [18] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Қазіргі кезде бұл бағытта сапалы зерттеулер жүргізілмей келеді. Осы орайда ауыл аумақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдағаннан кейін Қазақстан ауылы түбегейлі қайта құруға душар болып отыр.

Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдық объектілерін орналастыруды дамытып жетілдіру халық көші-қонының сандық-сапалық параметрлерінің өзара

байланыс жағдайларында, халыққа қызмет көрсету жүйесіндегі оңтайлы құрылымдар қалыптастырудың методикалық тәсілдемелерінде келесідей принциптерге: біріншіден, өмір сүру орны және нақтылы елді мекеннің болашақ дамуына; екіншіден, басқа елді-мекендермен қалыптасқан байланыстар жүйесін ескере отырып, әрбір тұлғаның әлеуметтік қажеттіліктерінің қамтамасыз етілу деңгейіне негізделу керек [18].

Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымына зерттелгендіктен, оның әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан біртекті болмайтындығынан туындайтын құбылыстар пайда болаып жатқандығы айқындалып отыр.

Әлеуметтік инфрақұрылым салаларының инфрақұрылымдық бөлімдері аймақтық жүйенің құраушы бөлігі болғандықтан, оны ауылдық аймақтардың ерекшеліктерін ескере отырып зерттеген жөн, себебі алуан түрлі табиғи жағдайы және басқа да ерекшеліктері бар үлкен аумақты мемлекет үшін әлеуметтік құрылым қалыптасуының аймақтық ерекшеліктерін зерттеу өте маңызды.

Ғ.А. Қалиевтың айтуынша «әлеуметтік міндеттер халық шаруашылығының аймақтық буындарымен кеңірек шешіледі. Халықтың тұрмыстық жағдайын және тіршілік дәрежесін қамтамасыз етудің кешенді міндеттері аймақтың көлемі мен ондағы жеке әлеуметтік мәселелерді жүйелі түрде шешуіне байланысты. Бұл мақсаттарды шешу әлеуметтік инфрақұрылым дамуына байланысты болып табылады» [19].

Аймақтық міндеттердің шешілуі аймақтың экономикалық тәуелділігіне байланысты. Қазақстанның даму жолында белгілі бір қадамдарға жетудегі бірінші міндет – аумақтардың жағдайын көтеру, ішкі күштерді босаңсыта отырып, «ашық аймақтық философия» реформасын жүргізу [20].

Соңғы жолдардағы масштабты тәуелсіздендіру «аймақ» түсінігінің мағынасын толыққанды қарастыруды талап етеді. Біздің көзқарасымыз бойынша, Ресей ғалымы Н.Н. Некрасовтың аймаққа берген анықтамасы дәлірек келеді. Оның тұжырымы бойынша «аймақ – табиғи ерекшелігі бар өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдардан құралған мемлекеттің үлкен аумағы».

Көптеген зерттеушілер қазіргі таңда әлеуметтік және мәдени салалардың аймақ саясатындағы орны жоғары деп көрсетеді, себебі онсыз дамыған нарықтық қатынастарға жер аумақтарының кіруі қиындайды.

Халықтың ұлттық сана сезімінің өсуі мәселесінде ауылдық әлеуметтік инфрақұрылымның көптеген буындары арқылы демографиялық, ұлттық, саяси мәселелерді шешу мүмкіндігі туады. Қазақстанның ғылыми мекемелері мен жоғарғы оқу орындарының қатысуымен «ҚР ауыл аумақтарын дамыту» арнайы мемлекеттік бағдарламасы орындалуда.

Мәдениет пен рухани құндылықтарға талдау жасау және оны жаңғырту проблемалары бағдарламада ерекше орын алады. Халықтың рухани потенциалының өсуіне ықпалын тигізуші ұлттық мектептер, ұлттық мәдени орталықтар мен басқа да мекемелердің дамуына қазіргі кезеңде ерекше көңіл бөлініп отыр.

Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының дамуына ұлттық және әлеуметтік-демографиялық факторларының әсерін зерттеушілер онша ескермейді, алайда, біздің ойымызша, бұл факторлар әр аймақ үшін өте маңызды.

Себебі инфрақұрылым кешенін қалыптастырудың әртүрлі концепциялары ғылыми әдебиеттерде келтірілген. Бұл орайда, аймақтық құрылымды деңгей бойынша қарастыратын авторлардың көзқарасымен келісуге болады, 1- кесте:

1-кесте - Инфрақұрылым кешенін қалыптастырудың әртүрлі концепциялары

Микродеңгей	әкімшілік бөлінуі жоқ қалалар мен әкімшілік Ауылдар. Бұл жерлерде халыққа күнделікті және мезгілді қызмет көрсететін кешен жұмыс істейді: сауда және қоғамдық тамақтандыру, денсаулық сақтау, білім беру, қарапайым тұрмыстық қызмет көрсету, спорт және дене шынықтыру мекемелері т. б.
Мезодеңгей	әкімшілік бөлінуі бар қалалар мен облыстар. Мұнда эпизодты қолдануы бар инфрақұрылымдық жүйе қалыптасқан: жоғарғы сатылы мәдени және қызмет көрсету мекемелері, орта арнаулы және жоғарғы оқу орындары, мамандандырылған денсаулық сақтау мекемелері және т. б.
Макродеңгей	республиканы толық тиімді әлеуметтік қызметпен қамтамасыз ететін салалар жиынтығы. Олар: республикалық кітапханалар, көрме кешендері, ғылыми-медициналық мекемелер және т. б.
Ескертпе: [20] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.	

Аталған мекемелердің 80-90% мезо- және микродеңгейде шоғырланған. Аймақтық даму ерекшеліктерінен туындаған әлеуметтік инфрақұрылымдағы айырмашылықтар осы деңгейлерде байқалады. Инфрақұрылым аймақтың, әкімшілік Ауылдың қажеттіліктерін тиімді жергілікті басқаруын және халықтың тіршілігін қанағаттандыру көзқарасын қамтиды. Жер аумақтарын жергілікті және орталық басқаруының қатынасы, кеңістік мамандандырылу, аймақтық өндіргіш күштері, ұлттық ерекшеліктер және т.б. аймақтық инфрақұрылым қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Біздің жағдайда микро- және мезодеңгей зерттелгендіктен, ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының даму ерекшеліктері әр әкімшілік-аймақтық ұйымның алдына қойған кешенді міндеттерін шешуде маңызды рөл атқарады.

Ауылға немқұрайлы қараудың салдарынан ондағы халықтың тұрмыстық жағдайы қаладағыдан едәуір артта қалып отырады. Осының барлығы өндірістің даму деңгейін төмендетіп, көптеген әлеуметтік, экономикалық және рухани сипаты бар шығындарға әкеп соғады.

Бұл ретте колхоздар кооператив меншігі негізінде құрылған шаруашылықтар бола тұра, өздерінің табысы 4% тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық объектілерді салуға жұмсауға мәжбүр болды [21].

Ауыл шаруашылық өндірісінде шаруашылық есептің енгізілуіне байланысты, зерттелетін мәселелерге қызығушылық арта түскендігі айқындалып отыр. Бұл күрделі салымдармен қаржыландыру көздерінің құрылымына едәуір әсерін тигізгендіктен, тұрғын үй, мектеп, аурухана және басқа да өндірістік емес объектілердің құрылысына бөлінетін бюджеттік салымдарды қалдырды.

Банк несиелері және өздігінен қаржыландаруды дамыту ауылдарға қарағанда, басқа елді-мекендердің әлеуметтік-тұрмыс мәселелерінің шешілуі қолайлырақ болды.

Ауылдың әлеуметтік дамуындағы кейбір ерекшеліктер халықтың ұлттық құрамына және діни көзқарасына да байланысты. Қазақ және басқа ұлттарға қарағанда ауылдан қалаға орыс ұлтының өкілдері көбірек кеткен. Жоғарыда айтылғандай, білім беру, мемлекет мекемелерінің рухани қажеттіліктері және қызмет көрсету игіліктерін беру ерекшелігі Қазақстан ауыл тұрғындарының ішкі біркелкі еместігінде екендігі мәлім.

Ауылда айқын байқалатын ұлттық ерекшеліктер әр облыста өзгеше көрініс алады. Әлеуметтік өмірдің бір-бірімен байланысты үш деңгейлі: экономикалық, мәдени және тұрмыстық болып келеді. Олар тұрмыста, мәдениетте және экономикалық өмірде өте айқын байқалады. Ұлттық ерекшеліктер туралы айтқанда, оларды тек рухани сала ретінде қатыстыруға болмайды. Әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде халықтың мәдениет атрибуттарын ескерген де жөн. Бұл орайда қазақтың сурет шығармашылығының дамуы және оның тарихи-әлеуметтік қалыптасу жағдайлары, халықтың шығармашылығының эволюциясы да өте маңызды. Ұлттық киім, кесте тігу, әшекей бұйымдар, ұлттық тағамдар, ұлттық музыкалық аспаптар, әндер, билер, ұлттық салт-дәстүрдің барлығы сақталып, жаңа деңгейге қайта оралуы керек.

Қазіргі кезеңдегі қоғамның дамуы ұлттық дамыту артықшылықтарын қайта бағалауда әлеуметтік-экономикалық және рухани факторларды жеткілікті деп мойындай отыра, тарихи-мәдени дәстүрлерді, этно-мәдени көпшілікті ескеруді талап етеді. Қоғамның әлеуметтік құрылымы және жеке адамның қоғамдық сана-сезімінің дамуында тұрғындардың қажеттіліктерін ұлттық ерекшеліктерді ескере отыра қанағаттандыру негізгі шарт болып табылады. Саяси қатынастар жүйесінде ұлттық ерекшеліктер мемлекет құрылымына әсерін тигізуі мүмкін. Тарихи ресурстар және жер аумағы тарихпен дифференциаланған. Кейбір Ауылдар жалпы алғанда бірдей табиғи күнкөріс жағдайына шоғырланбағандықтан, ол материалдық қызметке де қатысты болып келеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, жаңа ауыл әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін тиімді орналастыру және барларын дамыту үшін Республика территориялық аумақтарға бөлінуі тиіс.

Әр әлеуметтік-экономикалық аймақтың өзінің климаттық жағдайына, көлік құралдарының даму деңгейіне, халықтың тығыздығына, ауыл және қала тұрғындарының сандық қатынасына, ауыл шаруашылық шикізатты өңдейтін өнеркәсіп кәсіпорындарына, адамдардың ғасырлық дәстүрлеріне байланысты ерекшеліктері бар.

Әлеуметтік инфрақұрылымның міндеттерін және әлеуметтік-экономикалық мағынасын ашу, оның инфрақұрылымдық даму ерекшеліктерін зерттеудің әдістемелік негізін құрайды. Ол дегеніміз, біздегі ауыл шаруашылығының әлеуметтік инфрақұрылымының құрушы бөлігі белгілі бір әлеуметтік-экономикалық міндеттерді атқарады деген тұжырымға негіздеп отырмыз.

Ұзақ уақыт бойы қызмет көрсету саласы биліктің қатаң бақылауында болып, белгілі бір түрі бойынша ғана дамып, аймақтарда этно-мәдени белгілер дұрыс ескерілмеді. Теория және әдістеме ұсынған әр аймақтың және халықтың

(салт-дәстүрі, мәдениеті) ерекшеліктерін ескеру принциптері қоғам өмірінде нақты көрініс таба алмады.

Қазіргі кезеңде белгілі территориялық бірлікке тән факторлардың және ерекшеліктердің барлығын ескеру қажет. Біздер бөлген аймақтардың әлеуметтік инфрақұрылымның экономикалық көрсеткіштері төменде қарастырылады.

Осы уақытқа дейін әлеуметтік саланың экономикамен байланысындағы орны айқын анықталмады. Ерте кезінде өндірістің негізгі мақсаты ретінде оның әлеуметтік мақсаты қарастырылды. Сондықтан өндірістің жеке адамның жан-жақты дамуын және қажеттіліктерін толық қамтамасыз ету тұжырымы аксиома ретінде қабылданды.

Бұл мақсатқа жету жолдары нақты анықталмағандықтан қызықтырушы жүйесін қалыптастыру негізінен мүмкін болмады. Соның нәтижесінде социалистік жүйе күйреп, бұл шаруашылық жүргізу жүйесінен басқаға көшуге тура келді.

Әлемдегі ғылыми-техникалық үрдістің жаңа деңгейінде әлеуметтік фактор экономикалық дамуда ерекше рөл атқарады.

Нарықтық экономика өздігінен тек жалпы экономикалық реформаны сипаттайды. Сондықтан, барлық қоғамдық-экономикалық формацияларда шаруашылықты жүргізудің әртүрлі нарықты түрлерін кездестіруге болады.

Адаммен байланыстының барлығы әлеуметтік сипатқа ие. Ол өндіріс жағдайы, білім беру, тәрбие беру, адамды емдеу яғни қызмет көрсету саласы болуы мүмкін. Басқару салаларында да адамның әлеуметтік табиғатына қызмет ететін салалар баршылық.

Батыс ғалымдарының экономикалық және әлеуметтік даму қатынасы жайлы көзқарастарын қарастырайық. Экономикадағы Э. Мэйо жұмыстары «әлеуметтікті» күшейтуге арналған. Ол өзінің жұмыстарында келесі тұжырымдарды айқындады:

- 1) адам – топтасқан күнкөріске бейімделген «әлеуметтік жануар»;
- 2) қатаң бюрократиялық ұйымдастыру адам табиғатына қарама қайшы;
- 3) өз қызметтерінде кәсіпорын жетекшілері, алдымен, адамдарға бағытталып, сонан соң өнімге көңіл бөлуі қажет.

Экономика саласындағы Нобель сыйлығы лауреаты А.Сен адамның жеке қызығушылығын арттыру экономиканың оңтайлы жағдайына әкелетіндігі жайлы дәлел жоқ дейді. Мүмкіндік және қызмет ету екі негізгі базистік түсініктерді қолданып, А.Сен өмірдің сапасын өлшеу методологиясына үлкен үлес қосты. Қызмет ету адамның қоғамдағы (білім, табыс, денсаулық) жеткен жетістігімен сипатталады, ал мүмкіндік – индивид талдау жасайтын көптеген қызмет ету альтернативті векторларының жиыны. Соңғы көрсеткіш адамның таңдау еркіндігін сипаттайды. Екі көрсеткіш жиынтығы мемлекеттегі өмір сапасын анықтайды және нарықтық шаруашылықтың даму критерийлері болып табылады.

И.Дж. Смелсер экономикалық үрдістер түсінігін кеңірек қарастырылуын талап ете отыра, қоғамдық өмірді екі салаға – экономикалық және экономикалық емес (олар саясат, мәдениет, этникалық қоғамдастықтар, стратификация) салаларға бөлді.

Кейбір зерттеушілер әлеуметтік сала ретінде қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік-экономикалық топтар арасындағы қатынас саласын сипаттайды. Топтар арасындағы ерекшелік олардың қоғамдық еңбекті бөлісуін де, өндіріс құралдарына қатынасында да, қоғамдық байлықтың алынатын көлемімен және көздерімен айқындалады.

Бұл қатынас саласы тек экономикалық саламен сипатталмай, сонымен қатар саяси, отбасы – тұрмыстық салаларымен сипатталады.

### **1.3 Ауылдық аумақтарды дамытуды бағалаудың шетелдік тәжірибесі**

Еуропалық қауымның мүшелерінің тқрттен бір бөлігі ауылдық аумақта тұрады, олар барлық Еуропа аумағының 75 % -дан астамын құрайды.

Ауылдық жерлерде тұрақты дамуының басымдық тұжырымдамасы ауылдық аумақтарды дамыту бойынша Еуропалық конференциясында анық айтылды. Корк декларациясының бірінші позициясы тұрақты ауылдық дамудың басым құндылықтары мен мәні мынадай тегжейлі анықтау болды: ауылдың тұрақты дамуы Еуропалық Одақ бағдарламасының басты проблемасы жақын болашақта барлық ауылдық саясатының негізгі принциптері дамуға тиіс деп айтылды. Ондай шешімдердің мақсаты - қарама-қайшы бағыттағы ауылдық эмиграцияға қайта бағдарлану, кедейшілікпен күрес, жұмыспен қамтуды арттыру және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, сонымен қатар өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру және өмір сүру сапасын жақсарту, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, жеке даму және демалыс қызметі үшін ауылдық әл-ауқатын жақсарту мүмкіндіктерін жасау. Ауылдық қоршаған ортаның сапасын жақсарту және қажеттілігі ауылдық дамытуға қатысты жергілікті саясатының бүкіл жүйесінде көрсетілуі тиіс. Қалалық және ауылдық жерлер арасындағы әділдік балансы бюджет шығындары, инфрақұрылым және білім беру саласындағы инвестицияларға, денсаулық сақтау және коммуналдық қызмет көрсетуге қол жеткізуге тиіс. Қолда бар ресурстардың үлес салмағы артып, ауылды дамытуды және қоршаған ортаны қорғауды қолдау үшін пайдаланылуы тиіс [22].

Еуропада ауылдық жерлердің тұрақты даму саясаты Еуропа Кеңесінің елдерінің тұрақты кеңістікте дамыту саясатымен тығыз байланысты және тұрақты кеңістікте дамыту үшін мынадай қағидаттарға негізделеді:

- өңірлердің теңгерімді әлеуметтік-экономикалық даму және бәсекеге қабілеттілігінің өсуі арқылы аумақтық бірлікті насихаттау;
- болашақта дамуы, өндірісі, қалалық объектілер мен қалалық және ауылдық жерлер арасындағы қарым-қатынастардың жақсарту;
- кеңістікте қолжетімділікке тең жағдайға жәрдемдесу;
- ақпарат пен білімге қол жетімділікті жақсарту;
- қоршаған ортаға залалды қысқарту;
- табиғи ресурстар және табиғи мұраны дамыту және қорғау;
- даму факторы ретінде мәдени мұраны арттыру;
- энергетикалық ресурстарды дамыту қауіпсіздігін сақтай отырып, оны дамыту;
- сапалы, тұрақты туризмді қолдау;



- апаттардың әсерін қолға алу.

ЕО ауылдық аумақтардың орнықты дамуы, оның аймақтық саясаттың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Мәселен, 1987 жылдан 2000 жылға дейін ЕО аймақтық саясаттың мақсаты келесідей болады:

1-мақсат - артқа қалған аймақтарда қайта құрылымдауға және дамытуға ықпал ету (1 адамға шаққанда ЖІӨ, ЕО орташа деңгейінен 75 % кем);

2-мақсат - жоғары жұмыссыздық және индустриялық дамудың төмендеу деңгейі еңбек нарығы мен қалалардың, Ауылдардың шекаралық Ауылдарда, облыс шеңберінде, қайта құрылымдауды және дамуына жәрдемдесу;

3-мақсат - ұзақ мерзімді жұмыссыздыққа қарсы күрес;

4-мақсат – жұмыспен қамту арқылы жастарды біріктіруге жәрдемдесу;

5-мақсат - екі түрлі тәуелсіз мақсаттарды белгілеу ортақ ауыл шаруашылық саясатының реформасын өткізуге жәрдемдесу (5а және 5б);

5а - қызмет көрсетуді, ауыл шаруашылықты, өнеркәсіпті (ауыл шаруашылығымен орман шаруашылығы егін жинауды, өңдеу және маркетинг) жаңғырту және дамыту;

5б - ауылдық жерлерде дамытуға ықпал ету.

2000 жылдан бастап осы уақытқа дейін ЕО аймақтық саясатының мақсаты кеңейтілген және бүгінгі күні келесі түрде көрінеді:

1-мақсат - артқа қалған аймақтарда қайта құруға және дамытуға ықпал ету;

2-мақсаты - құрылымдық проблемалары бар ауылдарға экономикалық және әлеуметтік, оның ішінде ауылдық көмекке жәрдемдесу (ол 2 және 5 б ескі мақсаттарын біріктіреді). Бұл мақсат ЕО тұрғындарына тиімді әсер етеді және бюджеттің құрылымдық фондтардың 11,5 % құрайды, ол 22,5 миллиард еуро FEDER (Аймақты дамыту бойынша Еуропалық қор) және FSE (Әлеуметтік Еуропалық қор) арқылы қаржыландырылады;

3-мақсат - бейімдеу және білім беру, оқыту және жұмыспен қамту саясаты мен жүйелерін жаңғырту;

Дамыған еуропалық елдердің ауылдық Ауылдарда тұрақты дамуы жалпы макроэкономикалық көзқарасқа негізделген және облыстық кешенді даму стратегиялары арқылы сараланады. Әрбір нақты жағдайды талдау түрлері іс-шаралар мен жоба элементтерінің нақты комбинациясы ретінде тәжірибеде ауылдық жерлерде тұрақты дамуында кейбір жобаларда өз сипаттамалары бар.

ЕО, аймақтық теңестіру рөлін арттыруда жоғарыдағы жаңа мақсаттарға 1 және 2 айырмашылығына тиісті, сондай-ақ, ЕО саясатының шеңберінде оларды пайдаланудың жаңа әдістерін әзірлеу және валидация проблемасын шешуде бастамалар одағының төрт бағдарламасы бар.

INTERREG III - трансшекаралық, өңіраралық трансұлттық ынтымақтастықтың Еуропалық бағдарламасы (бюджеті 4,875 миллиард еуро);

EQUAL - еңбек нарығындағы кемсіту мен теңсіздікке қарсы күрес бағдарламасы (бюджеті 2,847 миллиард еуро);

URBAN - қалалардың дағдарыстан әлеуметтік-экономикалық оңалту, олардың тұрақты дамуы мақсатындағы бағдарлама (бюджеті 4,700 миллиард еуро);

LEADER+. Leader – (2000-2006 жж.) бағдарламасының жаңа кезеңі жұмысын жалғастыруда, ол бағдарламалар Leader 1 және Leader 2-ден басталып, жергілікті деңгейде белсенді қатысушыларының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауылдық жерлерде бірлескен жобаларды қолдауда (бюджеті 2,02 миллиард еуро); Бұл бағдарламаның мақсаты ауылдық жердегі ұзақ мерзімге аумақтың әлуетін пайдалануда, жоғары сапалы және тұрақты даму стратегиясының мультипликациясында жұмыс жасап жатқан тұлғаларды қолдау және бағдар беру болып табылады.

Осы стратегияларды әзірлеу кезінде мынадай мәселелерге назар аударылуы тиіс:

- ауылдық жерлерде жұмыс орындарын экономикалық негіздемелік жағдайларын жақсартуға назар аудара отырып құру;
- әрбір ауылдық қоғамдастықтың ұйымдастырушылық қарым-қатынасын жетілдіру;
- табиғи және мәдени мұраны сақтау.

Бағдарлама жетекшісі Leader + негізгі бағыттары:

1. Қоғамдастық тарту (партиципацияны) және интеграция негізінде географиялық бағдарланған интеграцияланған даму стратегияларын қолдау. Сонымен қатар, келесі әрекеттердің дамытудың басым бағыттары:

- жергілікті өндірушілердің жергілікті өнімдері үшін қосылған құнды құру, азық-түлік қауіпсіздігі мен сапасын қолдау;
- ауылдық жерлерде өмір деңгейі мен сапасын арттыру;
- табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және мәдени құндылықтарды сақтау;
- ауылдық жерлердегі ақпараттық технологиялар.

Ауылдық жерлерде арасындағы ынтымақтастықты қолдау: ауданаралық қалалық, аймақаралық және халықаралық ынтымақтастық.

ЕО деңгейінде ауылдық аумақтың басымды дамуы сол фактыны дәлелдейді, жыл сайын қауым бюджетінен 30 миллиардтан жоғары еуро (30-35 %) баяу дамыйтын аймақтардың құрылымдық аударымдарына бөлінеді, олар, көбіне, ауыл шаруашылығы шығындарын дұрыс пайдаланатын ауылдарға бөлінеді.

Салыстыратын болсақ, Қытай толықтай кедейлікті жоюға және ауылдық аумақты модернизациялауды алдыңғы орынға қойып отыр. Бұл мақсаттар, ең алдымен, жаңа ауылшаруашылығы технологияларын, қоршаған ортаны жақсарту, жол құрылысы, білім беру, сондай-ақ ауылды экономикасын әртараптандыруға, 42 миллиард АҚШ доллар бөлінетін болады деп көрсетілген. Сонымен қатар, соңғы 15 жылда, Қытайда ауылдық кедейлік 5 есеге азайды. Қазақстанда ауылды дамытуды қаржыландырылу, тіпті, назарға басым ұлттық жобаларды ала отырса да, біртуар аз [23].

Дамыған еуропалық елдерде тұрақты ауылдық даму жүзеге асырылып жатқан жобалардың тәжірибесін талдау, оларға толыққанды назар аударуға мүмкіндік береді:

- күрделілігі – бұл жоба қызметі ауылдық табысты арттыруға негізделген, экономикалық қызметтің барлық ықтимал түрлерін қарастырып отыр. Бұл

құқықтық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан толық жұмыспен қамту және табысты ұлғайту үшін жасалған. Жұмыспен қамту және басқа да аймақтық мәселелерді шешуде және жалпы ауылдық дамуына байланысты кірістер мәселесін шешу;

- ашықтық – жоба шараларының жоспарын жасағанда интерактивті әдістерді қолдану (халықтың қатысуымен), жобаның барысы, жеткен нәтижелері және жан-жақты, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында қамтылған проблема, ауылдық жиналыстарда талқыланды, «дөңгелек үстел», халықпен кездесулерінде; осы талқылаулардың қорытындысы бойынша жобаға қажетті түзетулер енгізіледі;

- халықтың көбінің қатысуы – жобаны жасау және іске асыру үрдісінде, халықтың тиімді жұмыспен қамтудың және табысты қамтамасыз ету жолдарының максималды дәрежеде білімі, тәжірибесі және болжауы пайдаланылады, ол түрлі әлеуметтік топтардың экономикалық және әлеуметтік мінез-құлық ерекшеліктерін ескереді, олардың мүдделері мен ниеттер үйлестіру қамтамасыз етіледі, жобаға қатысушылардың күш ынтымақтастық арқылы біріктіріледі, жергілікті мемлекеттік басқару және үкіметтік емес ұйымдардың қызметін дамыту;

- жергілікті ресурстарға арқа сүйеу - жобаның мақсаттарына қол жеткізу, ең алдымен, жұмыспен қамту және табыс үшін тұрақты тетіктерін құру үшін өте маңызды болып табылады, жергілікті қаржы, материалдық, әлеуметтік және адами ресурстарды жұмылдыру арқылы жүзеге асырылады. Алайда, бұл жоба үшін ресурс қолдауы сыртқы (ауданнан тыс) көздерін пайдалану мүмкіндігін жоққа шығармайды (әсіресе, ауылдық әкімшілік округінің субсидияланатын жобаларына);

- жобалық шешімдердің институционализациялануы - бұл жобаның барысында құрылған жергілікті үкімет жобасы мен басқару функцияларын немесе ұйымдардың беруінде жүзеге асырылады;

Ауылдық дамуының қазіргі заманғы үрдістері шетел негізіне негізделеді:

- орталықсыздандыру процесін нығайтуды аймақтық жауапты адамдардың алдында қояды, әсіресе кешенді дамыту аясында жергілікті деңгейлерде жауапты кезіне орталықсыздандыру процесі тығыз субсидиарлық принципімен байланысты;

- ауыл шаруашылығы өндірісінің әртараптандыру өнімдерінің ауқымын кеңейту;

- (жаңа және дәстүрлі, бірақ ұмытылған мәдениет, өңдеу, және т.б.) және көрсетілетін қызметтердің түрлерін арттыру (қолөнер, ауылдық туризм, ландшафт сақтау, қоршаған ортаны қорғау, және басқалар). Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаупін және осалдығын азайту үшін әртараптандыру, ауылдық жерлерде экономикасын тұрақтандырып және өзгерту, экологиялық жағдайларына икемді бейімделу үшін маңызды негіз болып табылады.

Еуропа елдерінде аграрлық экономиканы қайта құрудың негізгі бағыттары мыналарды қамтиды: жер қатынастарын жетілдіру, ауыл шаруашылығы жағдайларын жақсарту, тиімді меншік иелері мен пайдаланушылардың қолында жер беру және өтімді активтері, шағын және орта бизнесті нарықтық

интеграциясы, жоғары сапалы және экологиялық таза өнім шығаруға фермерлер бағдарлау және субсидиялау, табиғи ерекшеліктеріне сәйкес қоршаған ортаны қорғау және ауыл шаруашылығы және одақтастық қызметін қорғау үшін ісшараларды жүзеге асыру; ауылдық жерлерде тұрақтандыру және әлеуметтік даму. Басым топтарын әлеуметтік қорғау жүйесі мүгедек балалар мен ата-аналардың қамқорлығынсыз қалғандар, жалғыз зейнеткерлер құрайды. Ауылдық жерлерде осы топтардың саны ірі экономикалық орталықтарында қарағанда үлкен пайызын алып отыр [24].

Ағымдағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің аз қамтылған отбасылар мәселелерін тиімді шешуге жеткілікті тәжірибесі жоқ. Ауылдық жерлерде әлеуметтік саясатқа, сондай-ақ, жұмыспен қамту және табыстың қосымша көздерін жасау сияқты салаларда дамыту көздейді ауылдық жерлерде әлеуметтік және физикалық инфрақұрылымды қолдау, бос уақытын мәдени орталықтардың ашылуы ауылдық қоғамның ең белсенді секциялар кетуін азайту үшін әлдеқайда тиімді.

Институционалдық реформалар, жергілікті ауылдық экономикалық жүйеге ықпал етеді. Бұл, мысалы, дамыту орталықтары ретінде жеке және мемлекеттік құрылымдардың тиімді ынтымақтастықты дамыйтын ұйымдар болып табылады. Сондай-ақ, мысалы, қаражат шағын және орта бизнесті қолдау үшін, шағын және орта кәсіпорындар мен фермерлер қолдау үшін жаңа қаржы құралдарын қажет етеді.

## **2 Әлеуметтік инфрақұрылымдардың даму деңгейін кешенді талдау**

### **2.1 Красный Яр ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдарының қазіргі жағдайы**

Красный Яр ауылы 1945 жылға дейін «Северный Маяк» деп аталған. Ал «Северный Маяк» колхозы 1931 жылы құрылды. Колхоздың негізін 4 кәсіпқұрым құраған болатын, олар: «Красный путь», «Станичник», «Жанажол», «Өмірлік». 2001 жылы Красный Яр ауылы, Қызыл Жұлдыз ауылы шекараларында Красный Яр ауылдық округі құрылды. Көкшетау қаласының әкімшілік қарамағындағы округ орталығы Красный Яр ауылы болып табылады. Ауылдық округтің құрамына кіретін ауылдар: Красный Яр ауылында - 12929 адам, Қызыл Жұлдыз ауылы - 45 адам тұрады. Осының ішінде 1823 зейнеткер, 245 адам 1,2,3 топтағы мүгедектер және бала кезінен мүгедек 78 бала (16 жасқа дейін), 234 отбасы ас қамтылған катарына жатады, 164 көпбалалы отбасы. 2023 жылы атаулы әлеуметтік көмекті 112 отбасы, материалдық көмекті 85 адам алды, жұмыспен қамту орталығына жүгінген 30 адамның 18-і жұмысқа орналасты.

Сумен жабдықтау желісінің ұзындығы 26,7 км, кәріз жүйесі 12,5 км, 1 су таратқышпен 2 кәріз станциясы бар.

Көлік қатынасы: облыс орталығына дейін №12, №13 қалалық автобус маршруттары жүзеге асырылады. Ауылдық округті электрмен жабдықтау: Орталықтандырылған. Округтегі электр энергиясын таратушы және электр желілеріне қызмет көрсететін ұйым "Зеренді ЭС" ЖШС "Көкшетау Энерго" ЖШС бөлімшесі болып табылады.

Ауылда әкімдік, 1 мектеп гимназиясы, 2 орта мектеп (күрделі жөндеу қажет), көпсалалы инновациялық колледж, 2 балабақша, жасөспірімдер ұлтық спорт мектебі, 1 аурухана (күрделі жөндеу қажет), бастапқы медико-санитарлық орталығы, мәдениет үйі, моделдік кітапхана, ауылдық полиция бөлімшесі бар.



3-сурет - Красный Яр ауылының картасы

Ескертпе - [http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Istoriya\\_sela.html](http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Istoriya_sela.html)

Красный Яр ауылы 100% электроэнергиямен, телерадиомен және байланыспен қамтылған.

Ауылдың әрі қарай дамыту және ауылдық жерлерде өмір сүру және жұмыс жасау үшін жағдай жасау мақсатында ауылшаруашылық, білім және денсаулық, инфрақұрылым және т.б. салаларды дамытуға бағытталған іс-шаралар бекітіліп, жүзеге жыл сайын асырылады.

Красный Яр ауылында экономика құрылымы ілгерішіл және жан-жақты дамуымен сипатталады. Ауылдың өнеркәсіп құрылымы 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте - Красный Яр ауылының өнеркәсіп құрылымы (пайызбен)

Көрсеткіштер	2020	2021	2022
Өнеркәсіп – барлығы, Оның ішінде:	100,0	100,0	100,0
Өңдеуші өнеркәсіп	93,3	76,9	89,3
Электр құрал-жабдықтары, газ, бу шығару және ауаны тазалау	5,1	22,2	9,5
Канализация жүйесін сумен жабдықтау, қоқыстарды жинау және бөлуді бақылау	1,6	0,9	1,2

Ескертпе: [ [http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Byudzhethnye\\_programmy.html](http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Byudzhethnye_programmy.html) ] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

2-кестеде көрсетілгендей, талдаушы кезеңде өнеркәсіп өндірісі құрылым саласының өзгерістері байқалған жоқ. Ең көп үлес салмағы өңдеуші өнеркәсіптен байқалады, яғни 2022 жылы жалпы өнім көлемінен 89,3% үлеске тең.

### 3-кесте - Жылу энергиясын өңдеу динамикасы

Атауы	Өлшем бірлігі	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2022 ж. 2020 ж. %
Жылу энергия	мың Гкал	111,7	166,0	246,0	220,2

Ескертпе: [[http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Byudzhetye\\_programmy.html](http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Byudzhetye_programmy.html)] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

2020-2022 жылдардағы жылу энергиясы өндірісінің талдауы бойынша жылу беруге қосылған жаңа нысандарға байланысты жылу энергиясының беталысы артып отыр (3-кесте).

Өсімдік шаруашылығы саласын дамытуға ауыл дәнді өндірісімен (жазғы егіс алаңынан 58,3%) және күнбағыстан (41,0%) мамандандырылады. Ауылда егілетін дәнділер бидай, арпа және қарамық, яғни егіс алаңынан 69,3%, 15,2% және 7,0% құрайды.

Одан басқа, Ауылда картоп және басқа көкөністер егіледі (4-кесте).

### 4-кесте - Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі

Атауы	Өлшем бірлігі	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
<b>Барлық жиын</b>				
Астық (өндірілгеннен кейін)	мың тонна	32,5	61,1	23,9
Күнбағыс	мың тонна	21,8	15,6	13,7
Картоп	мың тонна	20,5	28,7	1,8
Көкөністер	мың тонна	2,0	2,6	2,54
<b>Ауыл шаруашылығының астық өнімділігі</b>				
Астық (өндірілгеннен кейін)	ц/га	4,8	7,3	2,6
Күнбағыс	ц/га	3,3	2,2	2,0
Картоп	ц/га	186	250	16
Көкөністер	ц/га	175	235	240

Ескертпе: [[http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Byudzhetye\\_programmy.html](http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Byudzhetye_programmy.html)] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Ауылдың ауыл шаруашылығын дамытуда суармалы жерді пайдалану оның ажырамас бөлігі болып табылады. Красный Яр ауылда суармалы жердің жалпы көлемі 577 га құрайды, оның ішінде 288 га егістік жерлер, оның 660 га суарылады. Әрі қарай Ауылда қолданбайтын суармалы участкелерді қайта құру және қалпына келтіру үшін инвесторларды тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Суармалы жерлерді жақсарту бойынша тамшылап суару жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жемістер мен картопты егу бойынша заманауи

суармалы машиналар мен техникаларды ылғалды сақтайтын технологияларды сатып алу басталды.

Сонымен қатар, ауылдың ауыл шаруашылығында көкейкесті мәселелер де бар:

- жалпы АҚ бойынша: шағын тауарлар өндірісі басым; инновация жетістіктеріне кіру әлсіз;

- жеке өнім түрлеріне бәсекеге қабілеттілігі төмен;

- өсімдік шаруашылығында агротехника төмен; ауыл шаруашылық техникалары мен құрал жабдықтарының тозуы, жемістер мен картоп қорын сақтауды қамтамасыз ету үшін көкөніс қоймасы оның талаптарына сәйкес келмеуі;

- маусым аралығында Ауыл және облыс тұрғындарын қамтамасыз ету үшін жылыжайлардың жеткіліксіздігі;

- көп еңбекті қажет ететін технология процестері деңгейінің төмендігі, техника құрал-жабдықтарының тозуы; азық баланстандырылмаған; құрал жабдықтармен қамтамасыз етілген мал сою орындарының және алаңдардың сонымен қатар, мал тамағының аздығы;

- ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеуді дамыту бойынша: жергілікті жерлерде орналасқан қайта өңдеу кәсіпорындарының төмен техникамен қамтамасыз етілуі, сонымен қатар оны қайта құралдандыру үшін қаражат айналымының жеткіліксіз болуы [26].

Красный Яр ауылда 2020-2022 жылдары шағын және орта бизнесті дамытудың жалпы пайдасы мен қаржы көрсеткіштерінің жоғарылау тенденциясы байқалады. Ол жұмысшылардың тұрақты санына байланысты.

Соңғы үш жылда жұмыспен қамтылғандардың саны 5,9 % артты [36].

Тіркелген субъектілердің саны бойынша сауда және қоғамдық тамақтану кәсіпорындары басым - 59,4 %, транспорпен – 17,4 %.

2021 жылы ауылдың өнеркәсіп өндірісінің көлемі 150,0 млн. теңге, яғни, 2022 жыл сәйкес кезеңнен 57,2 % көбірек болды.

2022 жылдың 1 қаңтары жағдайы бойынша шағын және орта кәсіпорындардың тіркелген субъектілері 104 бірлікті құрады, оның ішінде шағын және орта кәсіпорынның заңды тұлғалары – 41 (жалпы санынан 3,9 %), 78 – жеке кәсіпкерлер, 26 шаруа (фермер) қожалықтары (5-кесте).

5-кесте - Шағын және орта кәсіпкерліктің негізгі көрсеткіштері

Атауы	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2020ж. 2022 ж.%
Жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлер субъектілерінің саны, бірлік	73	74	75	102,6
Шағын және орта кәсіппен айналысатындар саны, адам	2106	2123	2166	102,8
Тауар, жұмыс және қызметтердің шығару көлемі, млн. теңге	890,0	676,4	1098,0	123,4

Ескертпе: [[http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Byudzhetye\\_programmy.html](http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Byudzhetye_programmy.html)] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.



2023 жылдың 1 қаңтарының жағдайы бойынша шағын және орта кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандардың саны 2166 адамды, оның ішінде шағын кәсіпорындарының заңды тұлғалар саны 234 адамды (10,8 %), жеке кәсіпкерлер – 751 адамды (34,8 %) және шаруа қожалықтары – 1181 адамды (54,4%) қамтыды [27].

Соңғы жылдары Красный Яр ауылында шоғырланған инвестициялар көлемінің динамикасы оң тенденцияға иеленді (6-кесте).

6-кесте - Инвестиция қызметінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер атауы	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
Негізгі капиталға инвестиция, млн. теңге	682	862	2071
Өткен жылға, %	26,1	118,6	228,7
Ескертпе: [ <a href="http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Byudzhethnye_programmy.html">http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Byudzhethnye_programmy.html</a> ] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.			

2022 жылы Ауылдың негізгі капиталына 2071,0 млн. теңге инвестицияланды, ол 2021 жылмен салыстырғанда 3 есе көп.

Қаржыландыру көздерінің құрылымында инвестициялар бюджеттік қаражатқа үстемдік жасайды, талданатын кезеңге олардың үлесі 49,4%-дан 74,3%-ға дейін өсті. Кәсіпорындардың, ұйымдардың және тұрғындардың, несиелік капиталдардың жеке қаражаттарының үлесі жалпы салым көлемінен 50,6% - дан 24,9%-ға, 2,9%-дан 0,8%-ға дейін төмендеді [28].

2021-2022 жылдары инвестициялар ғимараттарды, жолдарды, көліктерді, құрал-жабдықтарды және басқа да жөндеу және құрылыс жұмыстарына бағытталды.

2020 жылы Красный Яр ауылында жаңа ЖЭО ғимараты салынды. Бұған дейін емхана салынып, төрт қабатты тұрғын үйлер қалпына келтірілді.

Соңғы жылдары ауылда бөлшек тауар айналымының өсу тенденциясы сақталуда (7-кесте).

7-кесте - Сауданың негізгі көрсеткіштері

Атауы	Өлшем бірлігі	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2022 ж. 2020 жыл мен %
Тауар айналымы	млн. теңге	1388,7	4118,1	5464,2	393,5
Ескертпе: [ <a href="http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Byudzhethnye_programmy.html">http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Byudzhethnye_programmy.html</a> ] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.					

2022 жылы бөлшекті тауар айналымының көлемі 5464,2 млн. теңге құрады, бұл 2021 жылдың сәйкес мерзімінен 32,7 % артық [29].

2022 жылы бөлшекті тауар айналымы құрылымында азықты тауарлар өндірісі 76,1 %, азықты емес тауарлар өндірісі – 23,9 % құрады. Сонда 2022 жылы бөлшекті тауар айналымы құрылымында азықты тауарлардың үлесі 46,5 %, осыған сәйкес азықты емес тауарлардың үлесі – 53,5 % [30] құрады.

Жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардың тауар айналымы үлесі іске асыру каналдары бойынша үстем алады – 100,0%.

Ауылдың сауда жүйесі 65 стационарлы дүкендермен ұсынылып, сауда желісін кеңейту жалғасуда.

Ауылдың басты мәселесі – базардың жоқтығы, ауыл тұрғындары қаладағы базарға баруға мәжбүр.

Красный Яр ауылында бәсекелестіктің дамуы үшін кәсіпкерлік қызметінің дамуы және бәсекелестік ортасын жақсарту бойынша қажетті инфрақұрылымды құру шаралары жүзеге асырылады.

Ауыл аумағында мұнай өнімдерді іске асыратын 3 операторға жататын 2 АЖҚС қызмет етеді. Аталмыш операторлар он жылға жақын уақыт қызмет етіп келеді, олардың қызметі тұрақты даму сипатында. Сауда бәсекелестіктің дамуы үшін ЖЖМ іске асыру нарығындағы мәселе мұнай өңдейтін зауыттар инфрақұрылымына аудандық операторлардың шектеулі қолжетімділігі болып табылады.

2020 жылы «Ауыл-Ел бесігі» жобасы бастау алып Красный Яр ауылында 4 жоба іске асырылған болатын. 2020 - 2022 жылдары аралығында жолдарды жөндеуге республикалық және жергілікті бюджеттен 1 210 400,0 мың.теңге ақша қаражаты бөлінді.

- бөлінген қаражатқа ұзындығы 30 шақырым жолдарға орташа жөндеу, ұзындығы 14 шақырым жолдарға қиыршық тас төсеп гредерлеу жұмыстары жүргізілді.

- 8,9 шақырым жылу құбырларының магистралдық желілері салынды, оған республикалық және облыстық бюджеттен 855 445,0 мың теңге қаражат жұмырылынды. Нәтижесінде 1280 абонент және аулымыздың барлық әлеуметтік нысандары жылумен қамтамасыз етілді.

-8 балалар және спорт алаңдары орнатылды (65 000,0 мың теңге сомасына) және "Көкше" мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізілді.(206 028,0 млн.теңге сомасына).

2023-2024 жылдары «Ауыл Ел-бесігі» жобасы және «Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша Урожайная, Первомайская, Киров, Школьная, Красноярская, Салахов, Шәкеев, Интернациональная, Болашақ, Мир, Новоселов, Әбілмәжінов, Сейфуллин көшелеріне және Нұрлы Көш шағын ауданының жолдарына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде (677 310,3 мың теңге, осы жылы бөлінген қаражат – 429 027,7 мың теңге, қосымша қаржыландыруды қажет -248 033,3 мың теңге ).

Осы жылы Красный Яр ауылы мен Қызыл Жұлдыз ауылының арасындағы жолға грейдерлік жөндеу жүргізілді. (жалпы сомасы 16 654,4 мың теңгеге).

Айта кетсек 2023-2024 жылдар аралығында Красный Яр ауылының 13,5 шақырым жолдарына орташа жөндеу жүргізіледі. Жалпы округ бойынша 60,7 шақырым жолдардың 92 пайызын асфальт жабыны бар жолдар құрайтын болады.

Дәрілік құралдарды бөлшектеп іске асыру нарығы.

Красный Яр ауылдың аумағында жеке меншік нысанындағы фармацевтика қызметінің 5 объектісі жұмыс істейді.

Бәсекелестікті дамыту бойынша негізгі тосқауылдар: фармацевтика қызметін лицензиялаудың күрделі және ұзақ үрдісі; фармацевтика қызметін жүзеге асыру үшін ғимараттардың санитарлық нормаларға сәйкестігінің ұсынылатын талаптары; қызметі дәрілік құралдарды дайындаумен, қабылдаумен, сақтаумен, жіберумен және сатумен байланысты дәріханалық мекеме қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары, жеткізілетін тауарды тіркеу мен сертификат болып табылады.

Азық-түлік тауарларды бөлшектеп іске асыру нарығы.

Аталмыш нарық сатушының сауда объектілерін сатып алушыға жақын орналастыруға ұмтылатынымен сипатталады, яғни ауылдың «игерілмеген» территорияларында айналым мен кірісті жоғарылату мақсатында.

Азық-түлік тауарларын іске асыру нарығында бәсекелестік жеткілікті дамыған. Осыған байланысты, аталған тауарлы нарық жоғары байытылған болып табылады. Бағаларды мемлекеттік реттеу осы тауар нарығында жоқ, осымен нарық субъектілері үшін нарықты жақсартады.

Жолдар

Ауылдағы жұмыстардың негізгі үлесі жылумен жабдықтаудың сыртқы желілерін салу секторында жүргізіледі, оған республикалық бюджеттен 697 млрд теңге бөлінді.

Желілер құрылысы Симферопольская, Бейбітшілік, Новая котельная, Шакеев және Сейфуллин көшелерінің бойында сәтті жүргізілді.

8-кесте - Красный Яр ауылындағы жолдарды жөндеудің 2018-2022 жылдардағы статистикалық талдауы

№ п/п	Атауы	Өлш. бірлігі	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1	Ауыл ішіндегі жолдардың жалпы ұзындығы	км	61,8	61,8	61,8	61,8	61,8
оның ішінде жолдың жағдайы:							
2	Жақсы	км	6,6	12,3	18	32,5	43,3
3	Қанағаттанарлық	км	19	24	27	15,3	9,5
4	қанағаттанарлықсыз	км	36,2	25,5	16,8	14	9
5	Жолдарды жөндеу:						
6	республикалық бюджет	км	-	-	12,5	-	9
7	қаражат бөлінді	мың.тг	-	-	609 000,0	-	371 000,0
8	жергілікті бюджет	км	5,7	5,7	2	8,9	3,6
9	қаражат бөлінді	мың.тг	39 700,0	63 500,0	41 000,0	75 904,9	130 000,0
Ескертпе: [ <a href="http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Byudzhetye_programmy.html">http://yar-kokshetau.akmo.gov.kz/page/read/Byudzhetye_programmy.html</a> ] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.							

Статистика көрсеткендей, жағдайы жақсы жолдардың үлесі артып отыр, қанағаттанарлық емес жолдардың үлесі, керісінше, азайған. «Ауыл-ел бесігі» жобасын іске асыру есебінен республикалық бюджеттен 2020 жылы 609 000,0 мың теңге, 2022 жылы 371 000,0 мың теңге мөлшерінде қаражат бөлу қарастрылған. 2018 – 2022 жылдары Красный Яр ауылындағы жолды жөндеуге республикалық бюджеттен 980 000,0 мың теңге, жергілікті бюджеттен 352 100,0 мың теңге бөлінді [32].

Сондай-ақ, басқарушы орган ауыл жолдарының жағдайын да назардан тыс қалдырмағанын атап өткен жөн. «Нұрлы көш» шағын ауданында асфальт, бетон жабыны бар жолдарды орташа жөндеу көзделіп отыр, ал Салахов ауылында Абылай хан, құрылысшылар, Школьная, Мира және басқа да көшелерде жөндеу жұмыстары жүргізіледі [31].

Ауыл әкімдігі тұрақты негізде жергілікті бәсекелестіктің дамуы бойынша шаралар, соның ішінде әкімшілік тосқауылдарды төмендету, бәсекелестік қатынастардың ұнамды жағдайын құру, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бойынша қажетті шараларды қабылдайды.

## **2.2 Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдарын қаржыландыруды жетілдіру (шетелдік тәжірибе)**

Қазақстан Республикасы үкіметі реформаның ауыртпалықтарын көп жағдайда биліктің жергілікті деңгейіне ауыстыра береді. Қайта құрылымдау үрдісі республикалық, өңірлік және жергілікті сынды үш деңгейді қамтиды. Олардың әрқайсысы өз деңгейлерінде халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге негіз болулары керек. Әлеуметтік инфрақұрылымдар объектілерін өткізу оны қаржыландырудың жаңа механизмін дайындаудағы сыналатын кезең еді. Дегенмен, бұл механизм аяғына дейін игерілмеген болып шықты, сондықтан халық көптеген әлеуметтік қызметтерден алыстап қалды. Әкімшілік жүйе әлеуметтік қолдаудың сол кездегі барлық түрлерін сақтап қалуға, атап айтқанда, тегін білім алу, дәрігерлік қызмет, тұрғын үй, табыстардың тұрақты деңгейі және жұмыс орындарына кепілдік берген болатын.

Нарықтық экономика жағдайында көптеген ауыл тұрғындары мемлекеттен көмек алмайды, ал оны алатындардың өзі әлеуметтік жеңілдіктердің шектелген түрлерін ғана көріп отыр. Адамдарға тұрғын үймен өздерін өздері қамтамасыз етуге тура келіп отыр, дәрігерлік қызметтер мен мектепке дейінгі мекемелер шығындарын жарым – жартылай өздері төлейді.

Мемлекеттің ең төменгі әлеуметтік стандарттарының әртүрлі әлеуметтік бағдарламалардың нақты көрсеткіштерінен өзгеше бірқатар ерекшеліктері бар: ақаулығы мен атауының болмауы, оған жету үшін шектеу уақытының болуы, олардың қаржылық және материалдық қамтамасыз етілуін (ресурстарын) келісілуінің болмауы. Осының барысында олар мерзім-мерзімімен анықталып отырылуы тиіс, өйткені адамдардың қажеттілігі өзгеріп тұрады, сондай-ақ олар туралы ғылыми көзқарастар да өзгеріп отырады.

Ең төменгі әлеуметтік стандартты енгізу тәжірибесін Қазақстан жағдайында да пайдалануға болады. Осы мақсатта халықтың әлеуметтік

игіліктерге қажеттілігін қанағаттандыру дәрежесінің көрсеткіштерін әлеуметтік инфрақұрылым салалары: тұрғын үй коммуналдық шаруашылықта, денсаулық қорғау, оқу-ағарту, мәдениет және басқалар бойынша қарастырған жөн. Жеткілікті түрдегі қанағаттандыру дәрежесі әлеуметтік саланың жекелеген бағыттарын дамытуды сипаттау үшін қабылданған нақты көрсеткіштердің, оның нормативтік мағынасына қатынасымен есептеледі:

$$S_{\text{канағ.}} = \Phi / N \quad (1)$$

мұндағы,

$\Phi$  – ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдар қызметімен нақтылы қамтамасыз етілуі;

$N$  – ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдар қызметінің нормативтік қамтамасыз етілуі.

Бұл көрсеткіш әлеуметтік саланы дамыту үшін бөлінген ақшалай қаражаттарды, сондай-ақ оны ағымдағы жылда ұстау шығындарды бөлу кезінде есепке алынуы керек. Барлық жағдайлар бірдей болғанда, халықтың қажеттілігін қамтамасыз ету дәрежесінің көрсеткіші төмен болған салаға, басқаларға қарағанда артықшылық берілуі керек.

Әлеуметтік шиеліністі жоғары жағдайдағы ауылдар әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бірнеше есе аз күрделі салымдар алады. Қала маңындағы аймақтарда мұндай салымдар біршама жоғары. Мысалы, Зеренді ауданының бір тұрғынына аталған қаражаттың 4000 тг. келеді екен, ал Красный Яр ауылының бір тұрғыны – 417,6 мың теңге алып отыр. Бюджеттен алынған қаражаттарды бөлудегі мұндай теңсіздік ауылдың барлық әлеуметтік проблемаларын ұшықтыруға алып келеді.

Осындай ең төменгі әлеуметтік стандарттарға бірінші кезекте биліктің аумақтық органдары мүдделі. Олар осы құжаттың негізінде жергілікті ерекшеліктердің нақты есебін жүргізеді. Мұндай тәсілдеме екі принципке негізделеді; ең төменгі әлеуметтік стандарт төңірегінде өңірлік әлеуметтік инфрақұрылымның игіліктері мен қызметтерінің жететіндігіне кепілдік; игіліктер мен қызметтер нарығын оның сыртында еркін дамыту. Мұндай стандарттар дайындау өңірді тиімді дамытудың жолдарын іздестіруге мүмкіндік береді. Оны төмендегі формула көмегімен анықтауға болады:

$$S_{\text{min}} = f(R; P; D; N; T), \quad (2)$$

Мұндағы,

$R$  – аумақтың ресурстық әлуеті;

$P$  – халықтың тығыздығын, жас және жыныстық құрылымын есепке алатын демографиялық фактор;

$N$  – ұлттық компонент;

$T$  – орталықтан қашықтығын және ауылдың жол тораптарымен қамтамасыз етілуін және т. б. есепке алатын аумақтық компонент.

Мұндай көрсеткіштерді барлық әлеуметтік-экономикалық аймақтар бойынша есептеу керек. Бұл жағдайда әрбір аумақтың, ауылдың ресурстық әлеуеттеріндегі айырмашылықтарды есепке алған жөн.

Мысалы, егер қала маңындағы табиғаттың қолайлы жағдайы, халқының тығыздығы, ұлттық құрамы, оңтайлы аумақтық орналасуы экономикалық дамуына оң әсерін тигізсе, Красный Яр ауылда жағдай онша қолайлы емес. Бұл факторлар өңірлік факторлық ең төменгі стандарт есептеуге әртүрлі әсер етеді. Бірқатар авторлар мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттардың бірнеше деңгейін бөліп көрсетеді, олар республикалық, өңірлік және жеке деңгей.

Бірінші, республикалық деңгейдегі стандарт республикалық қаражат есебінен қалыптастырылады. Екіншісінде, өңірлік ресурстармен қамтамасыз етіледі, ал үшінші деңгейде – жеке адамның материалдық мүмкіндіктері есебінен қалыптастырылып, мемлекет тарапынан шектеу қойылмай, жеке өзінің ұнатқан тұтыныстарымен көрсетеді.

Ең төменгі әлеуметтік стандарттар жүйесінде негізгі нысана болып өңірлік және жеке деңгейлер саналады. Қазіргі таңда нарықтық және мемлекеттік реттеу механизмдерінің әртүрлі қатынастарда үйлесуі анық байқалып отыр. Ол жеке және жалпы мақсаттар мен мүдделердің бір-біріне сәйкес келетінін көрсетеді.

Мемлекет тараптарынан атқарушы органдар халықтың төмен табысты қызметтерін стандарттауға, шығындарды төмендетуді, мемлекеттік қаржыландыруға, білім алу мен дәрігерлік қызметке барлық азаматтардың қолын бірдей жеткізуді (теңдік) қамтамасыз етуге мүдделі.

Әлеуметтік ең төменгі стандарт өңірлік бағдарламаларды таңдап алуда негізгі өлшем (критерий) болуы мүмкін, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылым жүйесіне бағытталған ресурстарды оның салалары арасында (әлеуметтік басымдылықтарына сәйкес) бөлу құралы бола алады. Әлеуметтік стандарт қозғалмалы параметрлер жүйесі, уақыт өткен сайын оның көрсеткіштер көлемі ғана емес, олардың арақатынастары да өзгеріп тұрады. Ішкі байланысқан игіліктер мен қызметтер кешені қалыптасады. Теориялық жағынан әлемнің озық елдеріндегі әлеуметтік стандарттар деңгейіне жетуге әрекет ету керек. Дегенмен, әлемдік немесе еуропалық стандарттарға ұмтылу қажеттілікті қамтамасыз етуді алу деген сөз емес. Оның үстіне «қажеттілікті қамтамасыз ету» деген түсініктің өзі аумақтар бойынша өзгеріп отырады. Ол өңірлік және адамның өзінің мұқтаждықтары негізінде анықталуы тиіс.

Халықты материалдық қамтамасыз ету саласынды бірқатар әлеуметтік көрсеткіштер (ең төменгі жалақы, зейнетақының төмен мөлшері, жәрдемақы, тұрғын үй) төңірегінде мұндай кепілдіктер бар, дегенмен олардың нақтылы мөлшерлері өмір сүру минимумынан әлдеқайда төмен. Әлеуметтік-мәдени қызметтерді тұтыну саласында қоғам тарапынан мұндай кепілдіктер жоқ.

Ең төменде әлеуметтік стандарттан басқа тағы бір әлеуметтік инфрақұрылымдар жүйесін дамыту деңгейінің «эталоны» болуы тиіс. Қазіргі уақытта біз тек қана уақыт аралығындағы салыстырмалы тұрақты параметрлер туралы ғана айта аламыз, егер бір үрдісті сан жағынан бағалайтын болсақ, «эталон» түсінігін салыстыру, бағалау, санау нүктесі базалық мағынасына ие

болады. Аталғанды салыстыра отырып, жоғарыда қарастырып отырған үрдісті бағалау мүмкіндігі туады.

Халық өміріндегі әлеуметтік олқылықтарды өмір деңгейінде толығырақ түсіндіру үшін келесідей көрсеткіштерді қадағалап байқау керек: өмір сүру құнының индексі, онтайлы тұтыну бюджеті, күнкөрістің ең төменгі деңгейі, отбасы саны, жақсы жабдықталған тұрғын үйді қажет ететіндер және т.б. бағалау көрсеткіштері, мүмкіндігінше, сапалы өзгерістерді – тұрғын үй сапасын жақсартудан бастап дәрігерлік қызмет көрсетуге дейін қамтуы керек.

Балалар және аналар өлімдерінің көрсеткіші, сондай-ақ өмір сүрудің орташа ұзақтығы дамыған елдердің статистикалық мәліметтерінде ең бірінші орында тұрады, себебі олар өмір сүру сапасын және елдің өркениеттік деңгейін сипаттайды. Салыстырмалы талдауды реформаның бірінші (алғашқы) жылымен жүргізу керек, бастаушы ретінде осы бағытта айтарлықтай қолайлы Ауылдар мен аумақтар алынады. Дәрігерлік көмек сапасын жалпы дәрігерлердің ішіндегі емдеуші дәрігерлердің, сондай-ақ стационарлық және амбулаторлық емдеу дәрігерлерінің санымен және бірінші келген кезде аурудың түрін анықтау дәрежесімен сипаттауға болады.

Орта дәрігерлік қызметкер саны дәрігерлерді оларға жат, ұсақ-түйек жұмыстардан босатудың деңгейін көрсетеді, олардың қызметі мен өз мүмкіндіктерін тікелей атқаруын сипаттайды. Әлемнің әртүрлі елдерінде халықты әлеуметтік қорғаудың түрлі жүйелері қолданылады. Мысалы, АҚШ-та үкімет барлық азаматтарды кепілдік дәрігерлік қызметпен, тегін тұрғын үймен және тегін білім берумен қамтамасыз етпейді. Скандинавия елдерінде, керісінше, мемлекет тегін қоғамдық дәрігерлік қызметке, белгілі бір деңгейде мемлекеттік тұрғын үй алуға қол жеткізуге кепілдік береді. Егер АҚШ-та мұндай шығындар халықтың өздерінің мойнына апарылса (үкіметке емес), Скандинавия елдерінде бұл шығындарды мемлекет қамтамасыз етеді. Дегенмен олардың ауыртпашылығы мемлекеттік бюджетке түседі. Мемлекет, адамдардың өздері жарым-жартылай төлей алатын жеңілдіктерді өз мойнына алады, сондықтан бюджет жетіспеушілігі және макродеңгейдегі үйлесімсіздік пайда болады, ең соңында экономиканың тиімділігі төмендейді. Қазіргі кезде әлеуметтік саясатты қайта ұйымдастыру бойынша бірдей пікір жоқ, дегенмен тегін әлеуметтік төлемдер беруге шек қою, шығындарды қысқарту, қоғам көлемінде өндірісті ынталандыру және тиімділігін арттыру бағытында қабылдауға болатын нұсқалар қарастырылып жатыр.

Біздің еліміз басқа елдердің әлеуметтік саясатындағы нақты тәжірибені толығымен пайдалана алмайды, әрқашанда қазақстандық тарихты, мәдениет пен ресурсты, саясатты және т.б. есепке алу керек. Өзіміздің қазақстандық экономикасының үлгісін (басқа елдер тәжірибесін есепке ала отырып), нарықтық экономикасының даму тарихы көп жылдарғы қамтыған елдермен байланыса отырып, жасауымыз керек.

Өндіріс құралына деген меншіктің әртүрлі формаларының көбеюі және олардың әлеуметтік инфрақұрылымдағы тең құқықты бірқатар күрделі мәселелерді алға қойып отыр. Нарықтық қатынастардың даму жағдайындағы адамның әлеуметтік инфрақұрылымдарын дамыту сол мәселелерді ойдағыдай

және өз уақытында шешуден байланысты. Солардың бірі болып әлеуметтік-мәдени қызметтердің ақылы және ақысыз түрлерінің қатынасындағы ең жақсы жағдайларын іздестіру (қанша пайыз ақылы, қанша пайызға ақысыз болуы) керек. Біздің ойымызша, осы мәселені шешу барысында халықтың ақылы қызметтерінің қайсыбірін алу немесе ала алмау қабілетін ескеру керек. Халықтың төлем қабілетін де естен шығармауымыз керек.

Ақылы қызмет көрсету әдістерін қолдану мүмкіндігі мен мақсатқа сәйкестігі тұрғысынан қарағанда, әлеуметтік инфрақұрылымды үш топқа бөліп зерттеген жөн:

1) ақылы қызмет көрсету принциптік түрде мүмкін болмайтын мекемелер мен ұйымдар. Мұндағы қаржыландыру белгілі бір жұмыстар үшін мемлекеттік бюджет есебінен жүргізіледі. Ол дегеніміз халыққа кепілді әлеуметтік қызмет көрсетумен бірдей болады және қоғамның экономикалық мүмкіндігімен анықталады. Бұл ұйымдардың қосымша қаражаттары басқа арналар арқылы да қалыптасуы мүмкін: кәсіпорындар, фирмалар, кәсіпкерлер арқылы түсетін қаражылар яғни демеушілік, меценаттық, халықтың ерікті жарналары. Оларға денсаулық сақтау, білім беру және жарым-жартылай мәдениет қызметтері жатады;

2) екінші топты әлеуметтік инфрақұрылымның ақылы қызметке көшіруге мүмкіндігі бар, сондай-ақ ол белгілі бір мақсаттарға сәйкес келетін мекемелер мен ұйымдары құрайды. Олардың көрсететін қызметтері адамның жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Бұл топтағы мекемелердің қызметін жеке адамдардың өздері төлеу керек немесе осы топтың қайсыбір ұйымдары арқылы төленеді. Осы шығындарға көру-көрсету шараларының бір бөлігі жатқызылуы мүмкін (кино, театр, студиялар). Бұдан басқа әртүрлі ақылы қызметтерді кейбір мекемелер де көрсете алады, мысалы техникалық және спорт үйірмелері, мектептер (қосымша сабақтар), жекелеген сауықтыру қызметтерін көрсете алатын емханалар. Бұл салада жеке, кооперативтік және жалгерлік ұйымдар да тиімді іс-шаралар жүргізуі мүмкін. Олардың қатынасуы біздің қоғамға қажетті бәсекелестік элементтерін енгізуге бағытталған, бұл дегеніміз халықтың қажеттілігін толығырақ қанағаттандыруға оң әсер ететіні сөзсіз;

3) үшінші топқа бірнеше қаржыландыру көздері бар әлеуметтік инфрақұрылымдық ұйымдар мен мекемелердің, мысалы, мемлекеттік бюджеттен, кәсіпорын қаражатынан, қоғамдық ұйымдардан және халықтың қаражаттарынан бөлетін бөлігі жатады. Олар – демалыс мекемелері, мұражайлар, стадиондар, спорт залдары және т.б. олар ақылы қызмет көрсетіп отырса да, мемлекеттен демеу қаржы, кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдардан қаражат алып отыруға мәжбүр. Себебі қолданыстағы бағалар осы мекемелердің ағымдағы шығындарын жабуға да мүмкіндік бермейді. Бұл қызметтер, мүмкіндіктер мен ақылы қызмет көрсетуді енгізу арасыда қосымша шаралар болып саналады. Шаруашылық жүргізудің жаңа жүйесіне өткізу бұл топтағы мекемелерде шығындармен нақты қызмет түрлері бойынша соңғы нәтижені оңтайлы үйлестіру жолдарын іздестірумен байланысты. Бұл жағдайда қаржыландыру тәртібі өзгертілуі тиіс. Бюджеттік қаржыландыру мекемелерді ұстауға демеуқаржы түрінде емес, әрбір көрсетілген қызмет бірлігіне төлем



(театрға, мұражайға және т.б. бір рет барғаны үшін) ретінде жүргізу керек. Бұл жағдайда бюджеттен немесе кәсіпорын қаражатынан төленетін қаржының жалпы мөлшері көрсетілген қызметтің көлемінен, сапасына тікелей байланысты болады.

Ақылы қызметтерді тегін қызметтерге ауыстыру емес, қайта толықтырылуы керек. Тегін қызметтер әлеуметтік инфрақұрылымдар игіліктерінің көлеміне әлеумет-кепілдік ретінде (оның материалдық жағдайына қарамастан) көрініс табады. Осының арқасында ең төмен әлеуметтік стандарт: өңірлер мен елді мекен бойынша әлеуметтік-мәдени игіліктер ұсыныстарын жоспарлауды жақсарту; әлеуметтік инфрақұрылым саласында нарыққа иелік ету яғни ауыл халқына қызмет көрсетумен айналысатын мекемелер мен ұйымдардың әлеуметтік даму мақсатына және экономикалық мүддесіне сай келетін саясат жүргізу қамтамасыз етілуі тиіс.

Қазіргі әлемдік тәжірибе мемлекет қаншалықты экономикаға араласудан бас тартса, кезек күттіртпейтін шешімдерді талап ететін міндеттер, соншалықты өткірлене түсетінін көрсетіп отыр. Мысал ретінде, АҚШ-та 1998 жылдан бері Федералдық сапа институты жұмыс істейді. Оның міндеті – мемлекеттік басқару аппараттарының жұмысын жетілдіру және халықтың мүддесін қорғау. Сөз тек қана алғашқы қажеттілік тұтыну заттары туралы ғана емес, сонымен қатар, тұрғын үй, білім беру, денсаулық сақтау және т. б. бағыттарда да болып отыр. Осыған бола біршама министрліктер құрылып, кеңейтілген өкілеттіліктер берілген. Осы тәжірибені нарықтық қатынастарды дамыту жағдайда ескеру керек еді.

Нарықтық экономика жолына баяғыдан-ақ түскен елдердегі жергілікті бюджетті қалыптастыру тәжірибесі жекелеген елдерде оны қалыптастыру мемлекеттік бақылау формасының дәстүріне, жергілікті бюджеттер мен банктердің арасындағы өзара қатынастарға және т. б. байланыстың күшті өзгеретінін көрсетіп отыр. Дегенмен, жергілікті қаржыларды топтастыруға көп жалпылықтар бар, көптеген елдер үшін бюджеттік шығындардың тұрақты түрде өсіп отырғаны байқалады. Орталық ведомстводан жергілікті биліктерге жәрдем ақша беру, жергілікті кәсіпорынды қаржылық қорғаудың және қаржыландырудың сыртқы көздерін тартудың тұрақты түрде өсіп отыруын да жасыруға болмайды. Әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың барлық жүйесі жергілікті қаржылар арқылы жүргізіледі.

Мысалы, нарықтық экономиканың нақты дамыған елдердегі жергілікті бюджеттердің ресурс құрылымын келтіре кетейік:

АҚШ-тың жергілікті салықтар 65% құрайды, мемлекеттік жерден қаражаттар – 23%, қаржылардың басқа да түрлері – 12%;

Францияда – тиісінше 41,7%, 33,8% 24,5%;

Бельгияда – 36, 54, 10 %;

Жапонияда – 41,6 %, 40 %, 27,4 % (90-жылдардың мәліметтері).

Талдау жұмыстары көрсетіп отырғандай, жергілікті бюджеттегі ресурстардың осындай пайызбен алынған құрылымы жылдар бойынша көп өзгермейді.

Салық салудан түсетін табыстар деңгейі осы елдерде жеткілікті түрде ауытқып отырады.

Италия мен Нидерландыда ол табыс ең төмен: жергілікті бюджеттердің барлық ресурстарынан 10% төмен (Италияда – 7%, Нидерландыда – 5,5%).

Бельгия, Франция, Жапония, АҚШ сияқты елдерде жергілікті салықтан түсетін табыстар бюджеттің барлық табыстарының 20% асады. Батыс елдерінің жергілікті бюджеттерінде салықтық рөл ойнамайды. Алайда соңғы жылдары коммуналдық қызметтерге бағаның жоғарылау себебінен, мемлекеттік басқаруды орталықтан алу, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шаруашылық дербестігінің кеңеюіне, жергілікті деңгейде мемлекеттік мүлікті жекешелендіруге байланысты салықтық емес түсімдердің өсу үрдісі байқалуда. Бірақ бұл жергілікті бюджеттердің қалыптасқан құрылымында көп өзгеріс тудыра алмайды. Көптеген елдердің жергілікті бюджеттерінде мемлекеттік демеу қаржылар мен жәрдем қаражаттар негізгі бөлігін (олардың табысының 1/4-ден 1/2-ге дейін) құрайды. Мемлекеттік трансферттер дамыған елдерде жалпы бағыттағы салықтық түсімдерді, демеу қаржыларды, жәрдем ақшаларды және мақсатты жәрдемдерді қайта бөлу арқылы (Ұлыбританияда 300-ден аса жәрдем ақшалардың түрі бар, Италияда 100-ден, АҚШ-та 200-ден асады) жүргізіледі.

Егер бұрын жергілікті бюджеттерді қаржыландыруда қарызға алудың рөлі өте шектелген болса, қазіргі кезде орташа қысқа мерзімді қарыздарға қызығушылық өсіп жатыр.

Дегенмен, жергілікті биліктердің сыртқы қарыздарын орналастыру бәрібір шектелген. Бюджеттің шығындар бөлігі күрделі қаражаттар, ағымдағы шығындарды жабу, қарыз міндеттемелерін өтеу деп бөлінеді. Жалпы ішкі азық-түліктегі шығындарының үлесіне қарай елдер үш топқа бөлінеді. (ЕО):

- жергілікті бюджет шығындары ЖІ азық- түліктен 20-30% құрайтын елдер (Дания, Норвегия, Швеция);

- осы шығындары 14-20% болатын елдер (Нидерланды, Ұлыбритания, Италия, Ирландия);

- осы шығындары 10% төмен елдер (Бельгия, Франция, Португалия, Испания).

Елдерді осылайша жіктеу шартты түрде болса да орталық мемлекеттік билік органдарымен жергілікті органдардың рөлін, билік өкілеттіктерін бөлісуді, олардың арасындағы әлеуметтік ролдерді көрсетеді.

Бұл көрсеткіш жергілікті органдарға берілген экономикалық дербестік дәрежесін бағалау барысында критерий бола алмайды. Осы көрсеткіш өте жоғары болған елдерде жергілікті шығындар мен салықтарды мемлекеттік реттеудің қатаң жүйесі жұмыс істейді. Жергілікті бюджеттерді жұмсауда, оның ішінде денсаулық сақтауға, білім беру, мәдениет саласына (әсіресе, Скандинавия елдерінде) орталық билік күшті қысым жасап отырады. Осыдан барып бұл елдердегі жергілікті органдардың ерікті іс-әрекеті өте шектелген екені көрініп тұрады.

ЕО-тың барлық елдерінде мемлекет жергілікті биліктің саясатына қысым жасаудың әртүрлі әдістерін пайдаланады. Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдарын қаржыландыру мәселелерін дайындау барысында

нарықтық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесін зерттеу және пайдалану аса маңызды болып саналады.

Бүгінгі таңда біздің жағыдайымызға қолданып отырған Алматы облысы ауылдық Ауылдардың жергілікті бюджетіндегі мемлекеттік демеу қаржы мен жәрдем қаражаттар үлесі 50-60% болғанына қарап, «олардың толық экономикалық дербестігі бар» деп айтуға әлі ерте.

Қолма-қол ақшалардың түсетін негізгі көзі қазіргі кезде саудамен айналысуға берілген құқық үшін алымдар. Кәсіпорындар алған пайдаға жеке тұлғалар мен мүлікке салынған салықтардың аударымдары бюджеттің табыстар бөлігінде жоғары үлес алады. Дегенмен олардың ауылдық әкімдіктер қажеттілігіне жоспарланған бөлігі қайтып оралмайды. Бұл теріс зардаптарға әкелетіні анық, себебі ауылдық әкімдіктер бюджетті толтыруға қосымша қаражат іздестіруге мүдделі емес, салықтың жиналуын арттыруға да қызықпайды.

Қазақстанның бюджеттік жүйесінің негізі – жергілікті бюджеттер, себебі оларға әлеуметтік салаға деген шығындардың негізгі бөлігі шоғырландырылған. Бұл шығындар 2014 жылы республикалық бюджетте – 27%, ал жергілікті бюджетте - 58% болғаны белгілі. Осындай үрдіс одан бергі жылдарда да сақталып отыр. Сондықтан бюджет жүйесін жетілдіруді осы фундаменттен бастау керек. Табыстарды қалыптастырудың механизмі дұрыс таңдалып алынса (жергілікті бюджеттерде) онда ол әлеуметтік саладағы күнделікті аса қажет мәселелерді шешу үшін қаражаттарды арттыруға жағдай туғызады.

Аумақтық бюджетті негізінен 4 түрлі табыстардан қалыптасады: Жергілікті салықтар мен алымдар, басқа да өз табыстары, республикалық салықтар үлесі (муниципалдық құрылымдарға бекітілген) және бір жолғы алымдар (азаматтардың ерікті қаражаттарын жинау).

Мысал ретінде Алматы облысында мәдениет пен өнер бойынша мемлекеттік бағдарламаны қолдау қоры ұйымдастырылған, ол әртүрлі мәдени шаралар өткізуге және әлеуметтік-мәдени салада тосаттан келген, мерзімі жеткен мәселелерді шешу үшін пайдаланылатынын айтуға болады. Осындай қорларды барлық муниципалдық құрылымдарда ұйымдастыру қажет және тек қана мәдениет бойынша емес, білім беру, денсаулық сақтау қызметтері салаларында да қйымдастыру артық болмайды. Оларды қалыптастыру қаражаттары әртүрлі, мысалы, құрбандық шалу, меценаттық, демеушілік және т.б. болуы мүмкін.

Бюджет қалыптастыруда өз ресурстарының үлестері көп болатын өңірлерде, оны бюджеттік федерализмнің американдық үлгісі деп атайды. Ал республикалық салықтардан жергілікті аумақтық бюджеттерге аударымдардың үлесі көп болатын жерлерде, оны германдық үлгі деп атайды. Осы үлгілер арасынан бюджеттік федерализмнің оңтайлы тәсілін табу керек. Дегенмен, қазіргі уақытта Қазақстан үшін Германдық үлгі қолайлы болып отыр.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» жаңа заң жергілікті бюджеттерге көп көңіл бөледі.

Шаруашылықты жүргізудің жана жағдайында жер рентасы мәселелеріне көбірек көңіл бөлу керек, оны жергілікті бюджеттердің бірден-бір маңызды және

нақтылы табысы деп санауға толық негіз бар. Ол үшін жерді инвентаризациялау, аумақтарды аймақтандыру жұмыстарын жүргізу қажет. Сонда нақтылы жер учаскесін пайдаланғаны үшін сұраныстың болуына байланысты төлемдерді саралауға мүмкіндік туар еді. Бұл өзін-өзі басқарудың қаржы жөнінен тәуелсіз болуына негізін қалайды. Оның үстіне ауылдық жерлердегі, жер ең негізгі және бірден-бір ресурсы және табыс көзі болып саналады, ал табыстың басқа көздерінің бәрі жермен байланысты.

Әлеуметтік саланы дамытуға облыс Ауылдарының табиғи-географиялық жағдайларын да есепке алу керек. Өйткені, бір бірлік өнімді өндіру құны ауа райының қолайсыз жағдайында Ауылдағы орташа көрсеткішінен (ауданаралық дифференциалды рента мөлшеріне) жоғары болады. Топырақ жағдайы жақсы, жерінің орналасуы қолайлы Ауылдар, өздерінің еңбегімен емес, табиғат және көлік шығындарының төмен болуынан алынған дифференциалдық рентаны өздеріне иеленеді. Соның арқасында осы аудандық экономикасы жақсы дамиды. Осының нәтижесінде әлеуметтік сала да және халықтың әл-ауқаты да жоғары болады.

Өкінішке орай, дифференциалдық рентаны шығарып алу әдістері қазіргі кезде жетілдірмеген, ол жекелеген субъектілердің топырақ құнарлылығынан, орналасуынан қолайлы туындайтын дифференциалдық рентаны иеленіп кетуіне жағдай туғызады. Сату нарықтарына және материалдық ресурстар алынатын базаларға жақын орналасқан, сондай-ақ табиғи жағдайлары жақсы аймақтарда, әдетте, әлеуметтік саланың даму деңгейі жоғары.

ЕО елдерінде өмірдің әлеуметтік және шаруашылық салаларын дамыту үшін, әлеуметтік және өндірістік салалары нашар өңірлерде «Бағдарлану қоры» жұмыс жасайды. Қазіргі қалыптасқан біздің елдегі және өңірлердегі ахуалда жергілікті өзін-өзі басқару органдары ондаған жылдар бойы толасталып қалған әлеуметтік мәселелерді шеше алмайды.

Қаржының шектеліп тұрған жағдайында барлық «Әлеуметтік» ақшаларды өңір деңгейінде топтастыру керек. Ал бүгінгі таңда жергілікті бюджеттердің нақты көзі (қазірге тек потенциалды) жер болып отыр. Сондықтан жердің осы қасиетін пайдалана отырып, ренталық қатынастар қорын құру керек, оның негізі етіп үш компонент алуды ұсынамыз: ауылдың әлеуметтік саласы, экология және жер ресурстарының ұдайы өндірісі. Бұл әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге, осы қаражаттарды облыстағы ауыл тұрғындарының мүддесіне пайдалануға мүмкіндік береді. Оны іс жүзіне асыру механизмі әрбір жер пайдаланушының рента төлеуімен жүргізіледі. Жер рентасын әлеуметтендіру және жерді жеке пайдалану құқығы еліміздегі және өңірлердегі жинақталып қалған әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің нағыз перспективті жолы болып отыр.

Қазіргі уақытта жер салығының өзі екі бөліктен тұрады:

- біріншісі, сапасына байланысты пайдаланған жер үшін әр жыл сайын ақы төлеу;

- екіншісі, құнарлығы мен орналасқан орны үшін төленетін ақылар. Салықтың бірінші бөлігі жергілікті органдарда қалады, ал екіншісі – жартылай жергілікті мекемелерде қалады, қалған бөлігі әкімшілік Ауылдар арасында

бөліске түседі. Бұл ұсыныстың айтарлықтай шалалығы қазіргі кезде әкімшілік Ауылдардың орналасуы жеткілікті түрде ескерілмейді. Сондықтан, дифференциалдық рента және орналасуы бойынша ішкі өңірлік қатынастарды ғылыми негізделген түрде реттеу жұмыстары қажет, алшақ орналасқанын есепке ала отырып, жер салығының бірыңғай ставкасына түзету коэффициенттерін енгізу керек.

Рентаны қайта бөлу механизмінің де (орналасқан жеріне байланысты) жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Теориялық тұрғыда оны үш топқа бөлуге болады: А,В,С (орналасуы бойынша).

- А – жағдайы жақсы,
- В – орташа,
- С- нашар.

Ішкі өңірлік дифференциалдық рентаны жер салығын пайдалана отырып алу тәжірибесін (топырақ құнарлығымен, субъектілердің орналасуымен байланысты) қолдайтын авторлармен келісуге болады. Осы талаптарды орындағанда барлық тауар өндірушілер бірдей экономикалық жағдайларда болады, бұл дегеніміз бәсеке жағдайындағы өндіріс тиімділігін арттыруда ең негізгі факторы болып табылады. Ал жер рентасын өндірісті топырағы жақсы, құнарлы учаскелерде жүргізіліп отырған кәсіпорындар қарамағында қалдыру әділетті бәсекелестік жүргізуге мүмкіндік бермейді. Ғылыми-экономикалық өңірлік саясаттың болмауы, өңірлердің жұмыс жүргізу барысындағы табиғи-географиялық факторларды тиісінше бағаламау олардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінде айтарлықтай дәлелсіз, қисынсыз айырмашылықтарға алып келеді. Бұл проблемалар Ақмола облысының барлық өңірлеріне де, Ауылдарына және субъектілеріне де тән және өзекті мәселе.

Ауыл шаруашылығында пайдаланылатын 1 га жерден жер салығының ставкасы елді мекендердің сыртында облыс Ауылдары бойынша 2800 теңгеден 5000 теңгеге дейін құрайды. Мұнда жер рентасы да (жарым-жартылай) ескерілген, бірақ қазіргі жағдайда жер салығының ставкасын Қазақстанның Жер кодексіне сәйкес анықтап алу керек, бұл рентаны субъектілер арасында қайта бөлгенде ауылды әлеуметтік экономикалық дамыту үшін маңызды қаражат көзі болып табылады.

Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын қаржыландыру мәселелерін шешу барысында шетелдік тәжірибелерді пайдаланған жөн. Мысалы, Швецияда әрбір кәсіпкер сияқты фермер де өзі тұрып жатқан жердегі коммунаға және мемлекетке салық төлейді. Айта кететін жайт, фермер болашақ инфрақұрылымдық құрылымдар салуға 50% дейінгі ресми инвестиция жариялап, оны банктегі арнайы есеп шотқа (немесе техника алуға) ауыстыра алады. Бұл сомадан салық алынбайды. Бірақ, егер осы ақшалар өз бағытында қолданылмаса, фермер айыппұл салығын төлейді. Тұрмыс халі белгілі бір деңгейде (дәулеттілікке) жеткенде, фермер осы елдегі кәсіпкерлер сияқты мемлекетке қосымша салық төлейді. Ескерте кететін бір жай, салық пайызы тек белгілі бір деңгейден асқан сомадан ғана алынады. Сонымен, ауыл шаруашылығы жағдайында белгілі дәрежеде әртүрлі әлеуметтік-табиғи жағдайдағы фермерлердің жағдайын теңестіреді. Дәулеттілік салығы жанама

түрде рента салығының атқарымын орындайды. Болгарияда 1988 жылдан бастап жаңа қаржылық форма – ренталық салық бекітілген. Оның мақсаты дифференциалдық рента алып, қайта бөлу, бұл ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының табиғи өндірістік жағдайының әртүрлі болғанынан туындайды. Белгіленген ренталық табыс ауыл шаруашылығы кәсіпорындарынан ренталық салық жәрдемімен толық алынбайды. Айдалатын жерлердегі ренталық төлемдер ренталық табыстың 70%, ал көп жылдық ағаштардан – 60% құрайды.

Жерге жеке меншік орнаған жағдайда дифференциалдық I және II рента, сондай-ақ абсолюттік рента диқандары өздерінде қалады, сондықтан оларды алудың бір ғана жолы болып жер салығы саналады. Осыдан барып жер төлемдері мен салықтарын алудың маңызы арта түседі.

Ақмола облысы табиғи ресурстарды пайдалану есебінен өзінің жұмысын 90-95% қамтамасыз етіп отыр. Табиғи рентаны тұрғындар арасында бөлу тәжірибесі әлемнің көптеген елдерінде (Араб және Скандинавия елдерінде) орын алған. Аляскада «Болашақ ұрпақтар» қоры жұмыс жасайды, ол арқылы табиғи рентаны осы аймақ тұрғындары бөлу жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен, ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдарын қаржыландыру ғылыми негізделген мемлекеттік әлеуметтік ең төменгі стандарт негізінде, Ақмола облысының жекелеген муниципалдық құрылымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, жүргізілуі тиіс. Бірінші кезектегі мәселелерді шешу үшін «Ренталық қатынастар Қорын» құру керек. Қазіргі қалыптасқан өңірлік бюджет қатынастары нарықтық экономика талаптарына сай келмейді. Олар түпкілікті қайта қаралуы керек. Біз ұсынған бюджеттік қатынастар механизмдері, өңірлік қажеттіліктерді тиісті ақшалай қаражаттармен қамтамасыз етуге жағдай туғыза алады. Ол ұсыныстар өндіріс тиімділігін арттыруды, табиғи және басқа да ресурстарды оңтайлы пайдалануды ынталандырады.

### **2.3 Красный Яр ауылындағы әлеуметтік инфрақұрылым проблемаларын анықтау. Әлеуметтік сауалнама**

Аталған зерттеуге 380 адам қатысты. Қатысушылардың жасы 18-ден 56 жасқа дейін жетті. Сауалнама үшін Красный Яр ауылының әлеуметтік инфрақұрылымының проблемаларына тікелей қатысты 15 сұрақ таңдалды. Сауалнама онлайн нысанда, Google-форма платформасында жүргізілді.

Сауалнама - нақты адамдар тобына сұрақтар қою арқылы алғашқы ақпаратты жинау әдісі. Зерттеушінің респондентпен анкета арқылы жүзеге асырылатын байланысына негізделген эмпирикалық зерттеуін әлеуметтанулық өлшеу тәсілі. Сауалнама мақсаты - жеке және қоғамдық санадағы құбылыстар немесе қарапайым фактілер, оқиғалар туралы ақпарат алу.

Пікір сұрауды дұрыс жүргізу үшін мынадай ұсыныстарды орындау қажет:

1. Сұрақтарды құрастырудың талаптарын орындау:

- Сұрақ тек бір мәселе төңірегінде болуы тиіс. Бір сөйлемде екі жауапты талап ететін, екі ұшты сұрақтар болмауы керек.

- Сауалдар түсінікті, бір мәнді, нақты және анық сенімді жауап алуға мүмкіндік туғызуы тиіс.

- Сауалнама зерттеу мақсатына және міндеттеріне сәйкес сұрақтардан тұруы тиіс. Сұрақ дұрыс қойылмаса, респондент жауап беруден бас тартуы мүмкін.

- Сұрақтар логикалық сәйкестікпен қойылуы керек. Жеке сипаттағы немесе күрделі сұрақтар сауалнаманың соңында тұруы тиіс. Жағымсыз сезім, наразылық тудыратын сұрақтар тікелей түрде емес, жанама түрде қойылуы керек. Мысалы, «Сізде автомобиль бар ма?» деген сұрақтың орнына «Сіздің үйде кімде автомобиль бар?» деп сұрақ қоюға болады.

- Сауалнамада нақты терминологияны, күнделікті тілді, түсінікті, терминдерді пайдаланып, жаргондарды қолданбаған жөн.

- Респондент тәжірибесінен тысқары жайт туралы сауалдарды қоймаған жөн. Ол хабардар болған сұрақтарды қойған лазым. Негізгі ақпарат туралы сұрақ қоймас бұрын, барлық сұрақтарды ой сүзгісінен өткізіп алған пайдалы. Мысалы, темекі нарығын зерттеп тұрып, шылым тартпайтын жанға сұрақ қоя алмайсыз.

- Сұрақты қисындастырып мазмұндау респонденті зерттеушінің көңілі қалайтын жауапқа жетелеп, көндіруге тиісті емес.


- Сұрақтар екі мағыналы сипатта болмауы керек. Мысалы, «кейде», «жиі», «анда-санда» деген сөздер көп мағыналы болғандықтан, олардың орнына нақты сөздер қолданылуы керек. «Сіз» деген сөз кейде ұжымдық сипатта болуы мүмкін, сондықтан сұрақты құрастыру кезінде оның орнына «Сіз өзіңіз» деген сөз нақтылау болады.

2. Сұрақтарды: қарапайымнан – күрделіге, жалпыдан – арнайыларға (тар ауқымдағы), міндеттемейтіндерден - сыпайыларына көше отырып қою керек дегендей қағидаларды сақтау қажет.

3. Сұрақтардың қисынын келтірудің бірізділігі: алдымен кіріспе, таныстырма сауалдар немесе респонденттің зерттелетін мәселе бойынша хабардарлығын анықтауға жәрдемдесетін сұрақтар қойылады.

Сауалнамаға қатысқан қатысушылардың 52,2% - ы ерлер, 47,8% - ы әйелдер.

1. Жынысы  
372 ответа




4-сурет - Қатысушылардың жынысы

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Келесі қадам – қатысушылардың жасын анықтау. Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, сауалнамаға қатысқан қатысушылардың негізгі бөлігі 36-55 жас аралығында (44,9%), 26-35 жас аралығындағы 27,7%, 18-25 жас аралығындағы 15,1% және 56 жастан жоғары 12,4% екендігі анықталды.

2. Жасы  
372 ответа




5-сурет - Қатысушылардың жасы

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Әрі қарай, біз қатысушылар өздерінің материалдық жағдайына риза екенін анықтадық. Респонденттердің 49,2% - ы өздерінің материалдық жағдайына толық риза, жоқ дененнен гөрі, иә - 26,6%, респонденттердің 10,8%-ы сұраққа жауап беруге қиналған, иә дегеннен гөрі, жоқ - 9,1%, қатысушылардың 4,3% - ы өздерінің материалдық жағдайына наразы.

3. Сіз өзіңіздің материалдық жағдайыңызға қанағаттанасыз ба?

372 ответа



6-сурет - Қатысушылардың материалдық жағдайы


Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Әрі қарай біз тұрғындардың Красный Яр ауылының экономикалық жағдайын қалай бағалайтынын білдік. Нәтижелер 7-суретте көрсетілген.



4. Сіз өзіңіздің ауылыңыздың экономикалық жағдайын қалай бағалайсыз?

374 ответа



7-сурет - Ауылдың экономикалық жағдайы

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Келесі қадамда біз ауыл тұрғындарын толғандыратын ауыл мәселелерін анықтадық. 8-суретте келтірілген сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, біз әр секторда проблемалар бар екенін және әр сұрақ халықты қатты алаңдататынын көреміз. Қатысушылардың ең аз бөлігі экология мәселесіне алаңдайды, қалған секторларға инфрақұрылымдық секторларды жақсарту бойынша шаралар қолдану қажет.

5. Сізді көбірек қызықтыратын қауымдастықтағы қоғамдық мәселені атаңыз:

372 ответа




8-сурет - Халықты алаңдататын мәселелер

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Келесі сұрақпен біз Красный Яр ауылындағы жолдардың жағдайын бағаладық. Тұрғындардың 52,5% - ы жолдардың жағдайы нашар деп санайды. 21,2% ауылдан қалаға қатынайтын автобустардың санына қанағаттанбайды. Сауалнамаға қатысқандардың 18,2% - ы жолдардың жағдайына риза, ал 8% - ы сұраққа жауап беру қиынға соғады.

## 6. Ауылдың жол-көлік инфрақұрылымын қалай бағалайсыз?

373 ответа




### 9-сурет - Жолдардың жағдайы

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Келесі сұрақта қатысушылардың пікірлері шамамен бірдей бөлінді.

## 7. Сіздің ауылдың тұрғындары қандай себептермен қоғамдық белсенділік танытпайды?

369 ответов



### 10-сурет - Қоғамдық белсенділіктің көрінісі

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Келесі мәселе респонденттердің тұрғын үй жағдайына қатысты болды. Сауалнамаға қатысқандардың 44,7% - ы тұрғын үй жағдайына риза, 19,1% - ы қанағаттанған, 13,7% - ы жақсы жауап берді, 9,4% - қолайсыздық барын, тағы 9,4% - ы олар ыңғайсыздықты сезінетінін, ал 3,5% - ы мүлдем қанағаттанбайтынын көрсетті.

## 8. Сіздің тұрғын үй жағдайыңызды қалай бағалайсыз?

371 ответ




## 11-сурет - Тұрғын үй шарттары

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Әрі қарай, біз респонденттерден олардың ең маңызды аспектілері туралы сұрадық. Болжам бойынша ауыл тұрғындары үшін ең негізгі аспект Денсаулық сақтау сапасы.

## 9. Төменде келтірілген өмір сапасының қай жақтары сіз үшін маңызды? (3 Нұсқадан артық емес)

372 ответа




## 12-сурет - Өмір сапасының аспектілері

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Сауалнамаға қатысқандардың 58,4% - ы өз болашағына сенімді (13-сурет). Бұл көрсеткіш өте төмен және бұл мәселені шешу үшін маңызды шаралар қабылдау қажет.

10. Сіз өз болашағыңызға сенімдісіз бе?

373 ответа




### 13-сурет - Болашаққа деген сенімділік

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Ауыл тұрғындарының әкімдікке деген көзқарасы сұрақтар туғызады, өйткені сауалнамаға қатысқан адамдардың тек 47,3% - ы оң көзқараспен қарайды, Тағы 32,2-сі нашар, ал сұралғандардың 15,8% - ы әкімдік қызметіне қанағаттанбайды.

11. Әкімдік қызметіне қалай қарайсыз?

366 ответов




### 14-сурет - Әкімдіктің қызметі

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Келесі сұраққа жауаптардың нәтижелері келесідей бөлінді: негізінен ауыл тұрғындары Красный Яр ауылында спорт кешені, мектеп, аурухана, ойын-сауық орталығы мен бассейн салынғанын қалайды.

12. Сіздің ауылыңызда қандай әлеуметтік нысандарды салуға (қайта құруға) кеңес берер едіңіз?

373 ответа




15-сурет - Қажетті әлеуметтік нысандар

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Келесі мәселе ауыл тұрғындарының қалаға көшу себептеріне қатысты болды. 166 адам (44,6%) жұмыс үшін қалаға кетемін деп есептейді. Бұл ауылда жаңа жұмыс орындарын ашу, жаңа компаниялар, нысандар ашу және т.б. қажет екенін көрсетеді.

13. Сіздің ойыңызша адамдар қалаға қандай себеппен көшеді?

372 ответа




16-сурет - Ауыл тұрғындарының қалаға көшу себебі

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Әрі қарай біз ауыл тұрғындары үшін өмірдегі ең маңызды нәрсе екенін анықтадық. Болжам бойынша, ауыл тұрғындарының өміріндегі ең маңызды аспектілер-денсаулық пен отбасы.

#### 14. Сіз үшін өмірдегі ең бастысы не?

373 ответа




#### 17-сурет - Өмірдегі ең маңызды нәрсе (сауалнамаға қатысқандардың айтуы бойынша)

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Тұрғындардың пікірінше, ауылдағы экологиялық жағдай қолайлы, сондықтан сауалнамаға қатысқандардың 53,5% жауап берді.

#### 15. Сіз тұратын аймақтағы экологиялық жағдайды қалай бағалайсыз?

372 ответа



#### 18-сурет - Экологиялық жағдай

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Сонымен, сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, Красный Яр ауылындағы әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі проблемалары: автобустардың, жұмыс орындарының, мектептердің, ауруханалардың, спорт кешендерінің, ойын-сауық орталықтарының жетіспеушілігі екені анықталды. Сонымен қатар ауыл тұрғындарының жол сапасына қанағаттанбағаны анықталды. Аталған мәселелер әкімдіктің қызметіне тікелей қатысты және оларды жою үшін 3-тарауда ұсынылатын шараларды қабылдау қажет.

### **3 Ауыл аумақтарының мәселелерін шешу жолдары және дамытудың бағыттары**

#### **3.1 Зерттеу қорытындыларын жалпылау: Красный Яр ауылының бәсекелестігіне баға беру, оның мықты және әлсіз жақтары**

Красный Яр ауылының экономикалық және әлеуметтік жағдайлары зерттеліп, келесі тұжырымдар жасалды. Бұл салада одан әрі инвестициялауға мүмкіндіктер бар.

Ауданның қолайлы географиялық жағдайы ауылдық жерлерде автомобиль көлігі мен жол желісін дамытуға ықпал етті.

Өңірлік және жетекші байланыс операторлары ұсынған телекоммуникациялық жүйелерді дамыту сапалы және сенімді байланысты қамтамасыз етеді. Интернет жүйелерін, бейне телефондарды және басқа да заманауи ақпараттық технологияларды қолданыңыз.

Автомобиль көлігі қызметтерінің сапасы жақсаруда.

Жақсы көлік қатынасы және өңірдің дәстүрлі байланыстары ауыл экономикасының бірқалыпты дамуына және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді. Ауылда көптеген өзекті экономикалық және әлеуметтік мәселелер бар. Жалпы проблема материалдық-техникалық инфрақұрылым деңгейінің төмендеуі болып табылады, ал бюджеттік қаржыландыру ауылдың әлеуметтік жағдайын бағалау үшін пайдаланылады.

Ауылдық аудандардың әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша шағын кәсіпорындардың қызметі жеткіліксіз. Шағын бизнес салығының жеңілдетілген түрі Жергілікті бюджет кірістерінде әлі де бар. Шағын бизнестің көпшілігі банктік несиелер ресурстарын ала алмайды.

Ауыл жол бойында 36,2 шақырым жерде орналасқан. Қанағаттанарлықсыз жағдай.

Құрылымдық персоналдың жетіспеушілігі бар. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығына қажетті техникалық мамандықтар мен сарапшылар жетіспейді.

Оң аспектілері:

1. Ауылдың географиялық орналасуы ауыл арқылы транзиттік әлеуетті тиімді дамытуға ықпал етеді.

2. Шикізат қоры аймақтың өңдеу өнеркәсібі үшін өте маңызды.

3. Бюджет шығыстарының едәуір бөлігі әлеуметтік қамсыздандыруға, адами капиталды дамытуға және ішкі сұранысқа бағытталады.

4. Ауылдың тарихи және мәдени мұрасын сақтау, дамыту және насихаттау.

5. Мәдениет қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін көтеру үшін конкурстардың сапасын арттыру.

6. Халықтың мәдени іс-шараларға сұраныс деңгейін арттыру.

7. Жеткілікті тұрғын үй мен Коммуналдық қызметтерге жоғары сұраныс.

әлсіздік:

1. Шағын кәсіпорындардың даму деңгейі жеткіліксіз.

2. Азық-түліктің бәсекеге қабілеттілігінің жеткіліксіз деңгейі қайта өңдеу өнімдерінің жоғары үлесінің нәтижесі болып табылады, олардың бір бөлігі импортталады.

3. Шағын көлемді өндірістің басымдығы.

4. Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі.

5. Тозу деңгейі жоғары инженерлік желі.

6. Ауыл тұрғындары қалалық және ауылдық орталықтарға көшті.

7. Ауылдық жерлерде білікті мамандар жетіспейді.

8. Халық арасында қатерлі аурулардың жоғары деңгейі.

9. Материалдық-техникалық базаны күрделі және үздіксіз жөндеуді және нығайтуды талап ететін білім нысаны.

қауіп:

1. Білікті кадрлардың жетіспеушілігінен Еңбек өнімділігі төмендеді.

2. Ауылдық еңбек нарығындағы жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс теңгерімсіз.

3. Азық-түліктің белгілі бір түрлерін импорттауға байланысты ішкі тәуекелдерге байланысты бұл ауылдық жерлердің қауіпсіздігіне қауіп төндіреді

4. Табиғи және климаттық жағдайлардың жерді пайдалануға кері әсері.

5. Халықтың ауылға көшіп келу деңгейі төмендеді.

6. Мәдениет ұйымдарының материалдық-техникалық базасы төмен деңгейде (музыкалық аспаптардың, заманауи жабдықтардың, сахналық костюмдердің болмауы).

7. Физикалық тозу қауіпі жабдықтың істен шығуына әкеледі.

мүмкіндік:

1. Ауылға жоғары санатты мамандарды тарту және халық санын көбейту үшін қолайлы жағдайлар жасау.

2. Жұмыспен қамту деңгейін арттыру экономиканың жаңа секторларын дамытуға мүмкіндік береді.

3. Аймақтағы халықтың ақшалай табысы айтарлықтай өсті.

4. Өңдеу өнеркәсібінде жаңа өндіріс құру перспективасы.

5. Ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайтуға және инновациялық әдістерге негізделген Ауыл шаруашылығын дамыту перспективалары.

6. Ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту (сатып алу, сату, қайта өңдеу, тасымалдау, қаржы).

7. Әлеуметтік инфрақұрылымның әртүрлі нысандарын дамыту үшін мемлекеттік және жеке инвестицияларды тарту.

8. Коммуналдық қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз етіңіз.

### **3.2 Ақмола облыс ауылдарының мәселелерін шешуде қолданылған бағыттар**

Ауылдағы өмір сүруді жақсарту мәселесінің шешімі – көбіне экономиканың ауылшаруашылық секторын көтеру мен ауыл тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға байланысты.



Эволюция үрдістерінің Ауылдың ұдайы дамуына әсерін негіздеуге ерекше көңіл бөлініп отыр, себебі соңғысы дамудың төменгі деңгейлерінен жоғарғы деңгейлеріне өте отырып, күрделі аумақтық әлеуметтік-экономикалық кешенге айналып заңды түрде қайта құрылады [27].

Бұл ауылдық Ауылдың даму үлгісі бір мезгілде зерттеліп отырған мәселелерді түсінудің нақты тәсілі ретінде және ғылым мен тәжірибенің өзара байланысы, ғылыми-тәжірибелік, шаруашылық және құқықтық шешімдердің тетік құралы ретінде ұсынылды. Яғни, оның мүмкіндіктері кеңейіп және шаруашылық тәжірибе үшін аймақтық экономиканы дамытуға өз үлесін қосады [28].

Ауыл аумақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі Бағдарлама) объектісі болып ауылдық елді мекен – тұрғындары негізінен ауыл шаруашылығымен шұғылданатын жинақы қоныстанған аумақтағы қоныс айқындалады. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңында белгіленген «ауылдық елді мекен» ұғымының «ауыл (село)» ұғымынан айырмасы бар. Мәселен, Заңның қағидаларына сәйкес ауылдың (селоның) айырым белгілері мыналар болып табылады:

- а) елді мекеннің белгіленген тәртіппен есепке алынуы және тіркелуі;
- б) оның жергілікті өкілетті және атқарушы органдар арқылы басқарылуы;
- в) 50 адамнан кем емес адам саны, олардың ішінен ауыл шаруашылығы өндірісімен шұғылданатын жұмыскерлер мен олардың отбасыларының мүшелері тұрғындардың кемінде жартысын құрайды.

Сонымен қатар, Заңның 2-бабында «қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, сондай-ақ кенттердің жататындығы; ауылдық елді мекендерге олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан қалған барлық елді мекендердің жататындығы» туралы айтылады.

Бүгінгі таңдағы ақиқат Заңда берілген анықтамалардан өзгеше, мұның өзі оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет етеді.

Облыстық әкімдіктер ресми ұсынған 7660 ауылдық елді мекендердің ішінен 500-нен астамында 50-ден кем адам тұрады, қалалардың аумақтық шекарасына енгізілген көптеген станциялар мен разъездер (257), тұрғындары іс жүзінде ауыл шаруашылығы қызметімен шұғылданатын селолар (317) бар. Оларда тұратын халықтың саны 579 540 адамды құрайды, олар өздерін ауыл тұрғындары деп санайды және ауыл проблемаларына мемлекеттің назар аударуына үміт артады.

Бағдарламада әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін сипаттайтын өлшемдер тобы бойынша, ауылдық елді мекендердің жіктемесі беріледі, олардың ішінде экономикалық әлеуетін бағалау басым болып табылады. Әлеуметтік қолдау шаралары бәрінен бұрын ауыл тұрғындарының қажетті табыс деңгейін қамтамасыз ететін, әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары ауылдық елді мекендерге тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымын дамытуға бағытталатын болады.

Сонымен, сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, келесі мәселелер анықталды: көпсалалы ойын-сауық орталықтарының болмауы, мектептердің және автобустардың жетіспеушілігі.

Мәселелерді қалай шешуге болады?

Ең алдымен, сауда-ойын-сауық орталығының жоқтығына байланысты мәселелерді шешу ұсынылып отыр. Қазіргі уақытта жеке кәсіпкер күрделі жөндеуді қажет ететін бұрынғы әмбебап дүкен ғимаратын сатып алды (шатырын қалпына келтіру, қираған қабырғаларды тұрғызу және т.б.). Алайда жеке кәсіпкердің қаржы тапшылығына байланысты құрылыс жұмыстары басталған жоқ. Осыған орай келесі шешімдер ұсынылады: жобаны қаржыландыру үшін шағын және орта бизнесті қолдауға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» бағдарламасын тарту. Осылайша жеке кәсіпкер құрылыс жұмыстарына қажетті қаражатқа ие бола отырып, ауыл тұрғындарын сауда және сауда-ойын-сауық орталығымен қамтамасыз етеді.

Тез арада шешуді қажет ететін күрделі мәселелердің бірі мектептердің жетіспеушілігі. Красный Яр ауылында үш мектеп бар, олардың екеуі ауылдың орталығында және біреуі шетінде орналасқан, ал ауылдың оңтүстік-шығысы мен оңтүстік-батысында мектептер жоқ. Үйдің жанында мектептің болмауы оқушыларға көптеген қиындықтар туғызады, басты ыңғайсыздық мектепке жету үшін жұмсалатын уақыт. Бұл мәселені «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасының арқасында шешуге болады. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы оқушы орындарының тапшылығын жоюға және жаңа білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған. 2022 жылы 1 қыркүйекте Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жарлығында «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. «Бақытты қоғам» «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру туралы жариялады. Жоба аясында 2023-2025 жылдар аралығында 401 мектеп салынып, онда 800 мың оқушы орналасуы жоспарланды. Красный Яр ауылында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асырылуы үшін ауыл әкімдігі қала әкімдігінің қарауына өтінім мен тиісті құжаттарды тапсыруы қажет.

Келесі мәселе - адамдарды ауылдан қалаға тасымалдайтын автобустардың жетіспеушілігі. Бұл мәселе негізгі мәселелердің бірі болып табылады, өйткені ауыл тұрғындарының саны өсіп, автобустар саны азайды. Осыған байланысты мәселені шешу бойынша келесі шаралар ұсынылады:

Жолаушыларды тасымалдауға автобустардың жетіспеушілігін, Көкшетау – Красный Яр бойынша автобус бағытын ұйымдастырып отырған Көкшетау қаласының «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушыларды тасымалдау және автомобиль жолдары» ММ қосымша автобустар қосуға ұсыныс жолдау.

Ренталық қатынастар қорын «ұйымдастыру қажет».

Ауыл шаруашылығының ұлттық қаржы-несие жүйесі ортасында мемлекеттік қаржы институты жүруі тиіс.

Бүгін ауыл кедейлігі мен игілікті жағдай арасын терең жар бөліп тұр. Бірақ адам ақылы оған көпір орнатуға жетеді. Ондай көпір бүгінгі күні банк несиесі болып табылады.

Ауыл аумақтарын көп жағдайларда аудандық ауыл шаруашылығының негізгі өндірістік саласын мемлекеттік басқару тұрғысынан қарастырылады.

Осыған байланысты оның географиялық табиғи орналасуы, тарихи, демографиялық, ұлттық, экономикалық және басқа да ескере отырып қалыптасқан басқарудың әкімшілдік-аумақтық бірлігі ретіндегі анықтамасы кеңінен тараған [40].

Ауылдық ауданды әлеуметтік-экономикалық талдау нысаны ретінде қарастыру қажет. Яғни, оның анықтамасы негізгі элемент ретінде оның басқарушылық аспектісінен бұрын, әрекет етуінің экономикалық тетіктерін және әлеуметтік-экономикалық мазмұнын бөліп қарастыру қажет. Осы тұрғыда ауыл аумақтарын қарастыру оның мазмұны мен қызметтерін басқаша анықтауға мүмкіндік береді. Ауылдық аумақтар нақты әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде әрекет ететін әлеуметтік-экономикалық жүйе болып табылады және келесі ерекшеліктермен сипатталады: 1) нақты экономикалық және әлеуметтік құрлымымен; 2) сәйкес экономикалық қатынастардың түрлерімен; 3) шаруашылық қызметті үйлестіру және реттеудің арнайы ұйымдастыру-экономикалық тетіктермен; 4) Ауылдың сыртқы тік жіне көлденең байланыстарының нысандарымен және түрлерімен. Ауылдық аумақтарды осындай анықтамасы нарықтық экономика жағдайында оның өзгеру бағыттарын жалпы түрде және құрылымдық элементтер бойынша жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Осы жүйені бағаланған кезде нақты ауылдық Ауылдың мәліметтер бойынша кемшіліктер анықталып, нарықтық экономика жағдайында оны қайта құрудың негізгі бағыттары анықталады.

Қызметті-салалық құрылымдық талдаудың негізінде ауылдық ауданды әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде қайта құрудың және дамытудың тұжырымдамасын қалыптастырып негіздеу қажет. Осы тұжырымдаманың негізінде ауылдық ауданды дамытудың мүмкін болатын үлгілері жасалып негізделеді.

## Қорытынды

Ақмола облысының нарықтық экономикаға бастапқы кіруі жағдайы оның негізінде артта қалуымен байланысты болды. Ақмола облысы – өндірістік өнеркәсіптің салалық құрылымының рационалды емес жері. Өндіру өнеркәсібінің үлес салмағы 90% жоғары. Бұдан басқа индустриалды сектор салалар арасында технологиялық қарым-қатынастың жоқтығымен сипатталады, ол салалық және сала аралық капитал құюлуын қиындатады; экономикалық үдерістерден, технологиялық, ғылыми-техникалық жетістіктерді қабылдау әлсіздігі, төмен инновациялық белсенділік.

Ауылды көтеру проблемасы мемлекеттік реттеудің жекелеген мәселелеріне жауапты әрбір ведомство немесе жергілікті билік органы оларды өзіндік мақсаттылық деңгейінде шешуге әрекеттенген, ескірген шығынды әдістермен шешілуге тиіс емес. Проблеманы тұтас алғанда тиісінше түсінбей, ағымдағы міндеттерді шешуге елеулі мемлекеттік ресурстар тартылып келді.

Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымы белгілі бір аумақтық бірлікте, нақтылы әлеуметтік-экономикалық ортада, әлеуметтік-экономикалық атқарымдарды орындайтын ұлттық шаруашылық инфрақұрылымдарының құрамдас бөлігі болып саналады.

Ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылымдарына жүргізілген зерттеулердің негізінде мына төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Халықтың ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылымдар бөлімдерінің қызметтеріне деген қажеттілікті қамтамасыз ету жолында инфрақұрылымдық өріс екінші қатарда саналды. Соның нәтижесінде салаға бағытталған инвестиция көлемі жасанды түрде төмендетілді. Демек, «әлеуметтік инфрақұрылым» категориясын жеке блокқа - қызметтер блогына бөліп қарау керек.

2. Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымы шаруашылық жағдайының объектісі ретінде шеңберден аспайды, ол әлеуметтік прогресті, экономикалық өсуді тежей немесе тездетеді. Сондықтан «әлеуметтік инфрақұрылым» категориясын бір өзгеріссіз, бір қалыпта болады және барлық уақытқа қатып деп қарастыруға болмайды. Оның осы шекарасын анықтайтын қағидалар өзгеріп отырады. олар үздіксіз қозғалыста болады. Адамның қажеттіліктерін қамтамасыз ету ұлттық шаруашылықтың материалдық және материалдық емес құндылықтар кешенінің өзара іс-әрекеттері арқылы жүзеге асыралады. Осы қажеттіліктердің өзгеруіне қарай бағытталған шаруашылық сала кешенінің өзі тұрақты өзгерістерге бейімделеді. Сондықтан әлеуметтік инфрақұрылымды анықтаудың бастапқы пункті дербес адамның қажеттіліктері, олардың құрылымы, бұл оның арақатынастарын көрсететін матрицаның алғашқы үлгісі болып саналады және ұлттық шаруашылықтың салалық құрылымының негізін құрайды.

3. Әдіснамалық зерттеулер негізінде әлеуметтік инфрақұрылымдардың әлеуметтік-экономикалық мәні мен қызмет істеу мағынасын ашып көрсету барысында оның аумаққа байланысты ерекшеліктері айқындалды. Бұл ретте тарихи, ұлттық, аумақтық байланыстарды және мирасқорлық салт-дәстүрлерді есепке алған дұрыс, бұның қазіргі кезде теориялық қана емес,

сонымен бірге практикалық мәні бар, себебі ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдарын сақтау және дамыту жолдарын іздестіру осыларға байланысты.

4. Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдар объектілерін қалыптастыру және оларды дамытуда қаржы–қаражаттардың орны ерекше.

5. Әлеуметтік сауалдама әдісімен атқарылған талдамалы зерттеу әр түрлі көзқарастар деңгейінен зерттеп отырған құбылыстың сипатын, оның себептерін айқындауға мүмкіндік берді.

6. Басқару тұрғысынан қарағанда ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдарын көп деңгейлі, серпінді өзгеріп тұратын жүйе ретінде, екі өзара тығыз байланысты екі жүйеден – басқару объектілері мен басқару субъектілерінен тұратын бірегей кешен. Бұл шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына сәйкес келмейді. Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдарының тиімді қызмет атқаруы олардың базалы қызмет көрсетуін бақылауды бір жерге шоғырландырған жағдайда ғана мүмкін болады.

7. Әлеуметтік инфрақұрылымдарды қаржыландыру мемлекеттік әлеуметтік ең төменгі стандартты енгізу негізінде зерттеп отырған өңірдегі жекелеген муниципалдық құрылымдардың ерекшеліктерін ескере отырып іс жүзіне асырылуы тиіс.

Бірінші кезектегі проблемаларды шешу үшін «Ренталық қатынастар қорын» ұйымдастыру қажет.

Шетелдіктердің әлеуметтік-экономикалық тәжірибесін ғылыми қорытындылау қажеттілігі негізінен, біздің пайымдауымызша төмендегідей жағдайлар бойынша түсіндіріледі: 1) экономиканы мемлекеттік реттеудің қағидалары мен жүйесінің тұжырымдамалы негізін, түбірін анықтауға мүмкіндік туғызады, 2) аралас экономиканың жалпы заңдылықтарын анықтау мүмкіндігі туады, және де бұл Қазақстан жағдайында мемлекеттік реттеудің тетіктерін құруға жағдай жасайды, 3) мұндай толықтыру мемлекеттік реттеудің нәтижелерін салыстырып талдауға мүмкіндік береді және де қажет болған жағдайда экономиканы қайта қалыптастыруды, әлемдік шаруашылық үрдіске республиканың араласу мөлшерін ескере отырып, қайта құруды дұрыс жолмен жүргізуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, шетелдіктердің жоспарды құру және оны қолданумен тәжірибесін зерттеу өте маңызды. Экономикасы қарқынды дамыған мемлекеттерде (АҚД1, Франция, Ұлыбритания, Германия, Қытай т.б.) индикативті жоспарлау - нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу тәсілінің бірі болып жоғары нәтижесін дәлелдеді және осы елдердің тәжірибесі басқа елдер үшін белгілі бір қызығушылық туғызады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы». Әдістемелік ұсыныстар. – Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2022 – 108 б.

2 Ә.А. Мұханбет. Қазақ мәдениетіндегі ауыл мәселесі.- Алматы: 2020.- 122б.

3 Алипбеки О.Ә., Женсхан Д., Уразбаев Н.Ж., Алипбекова Ч.А. Устойчивое развитие социально-инженерной инфраструктуры сельских территорий на основе корпоративной социальной ответственности. *Economics: the strategy and practice*. 2023;18(1):68-86. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-1-68-86>. Жүгінген күні: 15.04.2023.

4 Молдашева А.Б. Ауыл шаруашылығындағы ылғал сақтау технологиялары. АльПари, №1, 2017

5 Жукова, В.А. Методологический подход к разработке концепции территориального социально – экономического развития муниципального образования [Текст] / В.А. Жукова // Международный научный журнал «Синергия наук» — 2018. – С. 138

6 Закирова, З.И. Социально – экономическое развитие муниципального образования [Текст] / З.И. Закирова // «Экономика и социум» — №5 (48) – 2018. – С. 24-28.

7 Оспанов М.Т., Аутов Р.Р., Ертазин Х. Теория и практика агробизнеса. – Алматы: Изд. «СП «Франклин», 2017.

8 Клячкин, В.В. Методы статистических исследований в оценке процессов социально-экономического развития территории [Текст] / В.В. Клячкин // Синергия наук. — 2018. — № 19. – С. 150-153.

9 «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан

10 Куликова, Н.В. Практика формирования стратегий социально – экономического развития муниципальных образований [Текст] / Н.В. Куликова // Российский государственный университет правосудия. № 1. – 2019. – С. 65-70

11 Попов И.А. Организация сельскохозяйственного производства. – М.: «Финансы и статистика», 2017.

12 Щербакова, Е.В. Механизм управления системой социально-экономического развития региона [Текст] / Е.В. Щербакова // Вестник ЛНУ имени Тараса Шевченко — № 3(19). – 2018. – С. 68-74.

13 Указ Президента Республики Казахстан от 7 октября 2021 года № 670 «Об утверждении перечня национальных проектов». – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://akorda.kz/ru/ob-utverzhdeniiperechnya-nacionalnyh-proektov-1391918>. Жүгінген күні: 03.05.2023.

14 Потаев В.С., Цыренов Б.Д., Хошхоева Е.Г. О факторах, влияющих на развитие социальной инфраструктуры сельских территорий // Вестник Бурятского государственного университета. – 2015. – № 2. – С. 29-35.

15 Брыжко И.В. Назначение управления развитием социальной инфраструктуры сельских территорий в современных экономических условиях // *Фундаментальные исследования*. – 2016. – № 6 (часть 1) – С. 139-143.

16 Кузьмич Н.П. Развитие социальной инфраструктуры сельских территорий региона в целях улучшения качества жизни населения // *Экономика: Вчера, Сегодня, Завтра*. – 2019. – Том 9. – № 4-1. – С. 392-399.

17 Середа Н.А., Шамин Р.Р. Сущность и значение многофункциональных элементов инфраструктуры для развития сельских территорий // *Вестник АПК Верхневолжья*. – 2017. – №3 (39). – С. 79-83.

18 Коваленко Е.Г., Королева Ю.Г. Проблемы развития социальной инфраструктуры сельских территорий Республики Мордовия // *Фундаментальные исследования*. – 2018. – № 10. – С. 79-84.

19 Женсхан Д., Рустембаев Б.Е., Нукешева А.Ж. Ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымы: Қазақстанның ауыл халқының әл-ауқатын жаңартуға және жақсартуға бағдарлану. *Аграрлық нарық проблемалары*. 2022;(3):184-191. <https://doi.org/10.46666/2022-3.2708-9991.21>. Жүгінген күні: 28.05.2023.

20 Косымбаева Ш.И., Нукешева А.Ж., Кадырова Г.М. Ауылдық жерлерде әлеуметтік инфрақұрылымын басқаруды жетілдіру. *«Тұран» университетінің хабаршысы*. 2019;(3):169-173.

21 Мырзалиев Б.С., Сабыр Н.С., Мурат А. Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту-әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды факторы. *Economics: the strategy and practice*. 2020;15(1):37-52.

22 Женсхан Д., Альпеисова Ш.Е. Социально-экономическое развитие сельских районов Казахстана // *Проблемы агрорынка*. - 2021. - № 1. - С. 147-154. URL: <https://doi.org/10.46666/2021-1-2708-9991.18>. Жүгінген күні: 28.05.2023.

23 Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақ-тылығын қамтамасыз ету. URL: [https://stat.gov.kz/for\\_users/sustainable\\_development\\_goals/goal\\_11\\_sustainable\\_cities\\_and\\_communities](https://stat.gov.kz/for_users/sustainable_development_goals/goal_11_sustainable_cities_and_communities). Жүгінген күні: 14.05.2022

24 Киреева А.А, Нурланова Н.К., Кенжегулова Г.К., Кенжеали Е.А. Оценка уровня депрессивности и уязвимости населенных пунктов: на примере регионов западного Казахстана // *Qainar Journal of Social Science*. - 2022. - № 1(4). - С. 35-48.

25 Тлеубердинова А.Т., Кулик В.Б., Кулик К.В. Анализ обеспеченности транспортной инфраструктурой сельских районов Республики Казахстан // *Вестник университета «Тұран»*. - 2021. - № 3(83). - С. 103-111.

26 Полухина Е.А. Оценка инфраструктурного ресурса транспортной составляющей АПК Казахстана: критерии и показатели // *Проблемы агрорынка*. - 2021. - № 3. - С. 186-192. URL: <https://doi.org/10.46666/2021-3.2708-9991.21>. Жүгінген күні: 17.05.2023.

27 Женсхан Д., Рустембаев Б.Е., Нукешева А.Ж. Ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымы: Қазақстанның ауыл халқының

эл-ауқатын жанартуға және жақсартуға бағдарлану // Проблемы агрорынка. - 2022. - № 3. - Б. 184-191.

28 Бодаухан К., Женсхан Д., Жолмуханова А.Ж. Внутренняя миграция и ее влияние на развитие социальной инфраструктуры сельских территорий Казахстана // Проблемы агрорынка. - 2022. - № 4. - С. 197-206. <https://doi.org/10.46666/2022-4.2708-9991.21>. Жүгінген күні: 02.06.2023.

29 Об утверждении Прогнозной схемы территориально-пространственного развития страны до 2030 года. Указ Президента Республики Казахстан от 9 октября 2019 года № 185. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1900000185/info>. Жүгінген күні: 14.05.2022

30 М.Н. Муханова. Занятость селян в неформальном секторе на региональных рынках труда АПК. URL: [https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/61383/1/978-5-7741-0327-0\\_049.pdf](https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/61383/1/978-5-7741-0327-0_049.pdf) Жүгінген күні: 14.05.2023.

31 Халитова М.М., Нурымова С.К., Дюсебаева Ж.К. Механизмы развития социальной инфраструктуры сел Казахстана для улучшения демографической ситуации. *Вестник университета «Туран»*. 2023;(1):90-103. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-1-90-103>. Жүгінген күні: 11.05.2023.

32 Сегизбаева Д. У. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздік мәселелері // Молодой ученый. - 2016. - № 5.5. - С. 55-58. - URL <https://moluch.ru/archive/109/26864> Жүгінген күні: 07.01.2023.

33 Мырзалиев Б.С., Сабыр Н.С., Мурат А. Устойчивое развитие сельских территорий – важнейший фактор обеспечения социальной безопасности. *Economics: the strategy and practice*. 2020;15(1):37-52.

34 Дмитриева Т.Е., Акишин В.С., Зорина Е.Н. и др. Модернизация инфраструктуры развития сельских территорий. - Сыктывкар: ООО «Коми республиканская типография», 2016. - 241 с.

35 Нукешева А.Ж., Саймагамбетова Г.А., Косымбаева Ш.И. Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту// Проблемы агрорынка. -2018.-№3.- Б. 209-215.

36 Тұңғышбеков С. Ауылды қолдау нәтижелері [Электрондық ресурс].- 2018.- URL: <https://egemen.kz/article/auyldy-koldau-natizheleri>. Жүгінген күні: 16.11.2023.

37 Мырзалиев Б.С., Айтманбетова А.А. Ауыл аумақтарында инфрақұрылымның әлеуметтік дамуы // Проблемы агрорынка. - 2017. -N 1. - Б.117-124.

38 Текучев В.В., Черкашина Л.В., Морозова Л.А. Проблемы обеспечения устойчивого социально-экономического развития сельских территорий // Международные Бочкаревские чтения: материалы Международной научно-практической конференции, посвященной памяти члена-корреспондента РАСХН и НАН КР, академика МАЭП и РАВН Бочкарева Я.В. Рязань: Издательство Рязанского государственного агротехнологического университета, 2019. С. 743–748.



39 Савенкова О.Ю. Стратегия социально ориентированного развития сельских территорий // Научное образование: теория и практика. 2016. № 2. С. 150–161.

40 Якимова Л.А., Стрельцова А.В. Развитие социальной инфраструктуры села в сфере здравоохранения // Роль аграрной науки в устойчивом развитии сельских территорий: материалы IV Всероссийской (национальной) научной конференции. Новосибирск: Издательство ИЦ НГАУ «Золотой колос», 2019. С. 363–365.

41 Колоскова Ю.И. Методика оценки человеческого капитала сельских территорий // Социально-экономический и гуманитарный журнал Красноярского ГАУ. 2016. № 4. С. 115–132.

42 Бурковский П.В., Сергеева А.И. Социальное развитие сельских территорий как приоритетное направление государственного регулирования агропромышленного комплекса Краснодарского края // Политематический сетевой электронный научный журнал Кубанского государственного аграрного университета (Научный журнал КубГАУ). Краснодар. КубГАУ, 2015. № 08 (112). IDA [article ID]: 1121508118. [Электронный ресурс]. URL: <http://ej.kubagro.ru/2015/08/pdf/118.pdf>. Жүгінген күні: 15.10.2022.

43 Паршуков Д.В. Проблемы развития сельских территорий Красноярского края: состояние социально-инженерной инфраструктуры // Теория и практика современной аграрной науки. 2020. С. 724–729.

44 Полушкина Т.М. Государственное регулирование пространственного развития сельских территорий // Вестник Екатеринбургского Института. 2020. № 1 (49). С. 112–125.

45 Пастушенко, С. Тенденции социально-экономического развития сельских территорий Амурской области / С. Пастушенко, В. Реймер // Экономика сельского хозяйства России. – 2017. – № 3. – С. 71-80.

46 Тылл Л., Есенгельдин Б.С., Мухамедиева Г.М., Тылл Л. Элеуметтік инфрақұрылымының тұрақты даму механизмдері. [Электрондық ресурс] - 2017. - URL: <http://group-global.org/ru/publication/54113-leumettik-infrakurylymnynturakty-damu-mehanizmderi>. Жүгінген күні: 18.05.2023.

47 Лукашин Н.А. Пути модернизации социальной инфраструктуры сельских территорий Пермского края // Креативная экономика. – 2021. – Том 15. – № 4. – С. 1309-1318. – doi: [10.18334/ce.15.4.111989](https://doi.org/10.18334/ce.15.4.111989)

48 Дадашев А. А-Оглы., Дикарева И.А. Особенности построения региональной социально-экономической политики сельских территорий // Вестник Академии знаний. – 2020. – № 4(39). – с. 149-151. – doi: [10.24411/2304-6139-2020-10454](https://doi.org/10.24411/2304-6139-2020-10454).

49 Магомедов А.М. Дорожная карта развития сельского хозяйства и устойчивого развития сельских территорий в Пермском крае до 2020 года». [Электронный ресурс]. URL: [https://agro.permkrai.ru/upload/iblock/26b/dorozhnyakarta\\_2020.pdf](https://agro.permkrai.ru/upload/iblock/26b/dorozhnyakarta_2020.pdf) Жүгінген күні: 10.03.2023.

50 Магомедов А.М. Цифровая трансформация отечественной экономики и региональные проблемы // Экономика и управление: проблемы, решения. – 2019. – № 12 (96). – с. 88-96.

51 Олесиюк О.С., Светлаков А.Г. Современные противоречия в снижении социальной напряженности в негородских (сельских) территориях // Продовольственная политика и безопасность. – 2021. – № 1. – с. 85-96. – doi: 10.18334/ppib.8.1.111788.

52 Сайт губернатора Пермского края. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.permkrai.ru>. Дата обращения: 30.02.2020.

53 Сальников С.Г., Тухина Н.Ю. Системы информационного обеспечения в АПК: анализ разработок и внедрений // Вестник МГЭИ (on line). – 2018. – № 2. – с. 30-37.

54 Статистический сборник «Пермский край в цифрах. - Пермь, 2020. – 194 с

55 Сидоров С.В. Основные этапы развития отечественных сельских школ. Сайт педагога-исследователя. [Электронный ресурс]. URL: <http://si-sv.com/publ/16-1-0-33>. Жүгінген күні: 01.02.2023.

56 Яркова Т.М. Современные технологии развития сельских территорий в России и за рубежом // Креативная экономика. – 2021. – № 2. – с. 379-392. – doi: 10.18334/ce.15.2.111607.